# САРАСӨЗ

№ 32 (38) / қаңтар / 2021

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

TÚRKİSTAN



## Бекарыс Шойбеков

айтыскер ақын

САРАСӨЗ



**Бас директор-редактор**
**Гүлжаз ҚАРЫБЕК**

Дизайнер-суретші: **Мұрат ШАХАНБАЙ**
Корректоры: **Мөлдір СӘБИТ**

Редакцияның мекенжайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және жергілікті басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж берілді.
Меншік иесі:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Басуға 05.01.2021 ж. жіберілді
Журнал «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 5000

Мұқабада:
айтыскер ақын Бекарыс ШОЙБЕКОВ



## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНЫМ!

Қазіргі қарқынды, бүгінгі екпінді, сергек серпінді уақыт – болат тұяқ тұлпар мен темір қанат сұңқардан да жылдам әрі жүйрік. Біздің қарлығаш-қауырсын басылымымыздың өзі бесінші жылға аяқ басып үлгеріпті.

Өркениеттің қадамы – шұғыл да шапшаң әлеуметтік желілер, сайттар мен порталдар асығыс ақпарат жеткізгенімен, қағазында ағаштың жұпар иісі аңқыған газет-журналға аңсарымыз ауып тұрады.

Адам баласының ұшқыр ой, саңлақ сана сансыз кеңістіктерді тынымсыз тінтіскілеп, тұрлаусыз кезгенімен, адамзат ойының алыбы һәм жарығы – классикалық шығармалардың ләйлек-ләззатына шомылғандай риясыз рахатқа бата алмаймыз...

Сол себепті, газет-журнал мен кітап оқитын ойлы қауым, саналы жұрттың қатары қалыңдай бермек. Әдеби-қоғамдық бағыттың түрлі талғамдарын таңдау арқылы бәсекеге қабілеттілік бәйгесіне сәйгүлік баптап, журналдың сайты (sarasoz.kz), фейсбук, инстаграм парақшаларының төл контентін ұсындық.

«Сайлаудың несібесі – ойлау болсын» деп, елдегі саяси науқанның бел ортасына бел шеше кірісіп, канвассинг аясындағы іс-шараларын жарқырата насихаттап, елдің еселі ертеңіне лайықты үлесімізді қосып, есемізді еңсердік.

Қызыл тілдің қазанының қызулы шоғын үрлеп, ең тұщымды, ең құнды, ең маңызды, ең абзал, ең көкжал дүниелерді жиып-теріп, індет іркілісінің іргесін сөгуге қам қылдық. Жаңа үміттің ақшаңқан таңында қазақтың ақтаңгер айтыскер ақыны Бекарыс Шойбековтің мәнді мәтін, сүбелі сұқбатымен келесі кемел белестің басына алтын жебе атып, бет түзедік. Құдай қолдасын!

«Сарасөз» журналының бас редакторы
**Гүлжаз ҚАРЫБЕК**

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

АЙТЫС - АҚИҚАТТЫҢ АЗУЫ

**Үнемі атам мен әжемнің ортасында отырып көк жәшіктен айтыс тамашалайтынбыз. Бала болсам да айтыстағы қағытпаларды, әзіл-қалжыңдарды түсініп, езуім бір жиылмайтын, ой құшағына берілетінмін. Сол кездері үлкендер менің бойыма қаншалықты тәрбиенің негізін қалап жатқанын ұғынбаған да болар... Бір білерім қазаққа сөз қадірін түсінер бір перзент сыйлады. Ол бала өсіп жетілді. Көк жәшіктен көрген ақындарын біртіндеп түгелдеп, сүбелі сұқбаттар жасады. Міне, айтыстың ақтаңгерімен әңгімелесудің де сәті түсті. Ішімдегі бала Гүлжазым бақытты. Себебі кішкентай кезімдегі арманым орындалып, рухым ғайыпқа жалғанғандай әсердемін..**



# «Ақынжанды ағаның алдынан шығып шайырмын...»

**-Бекарыс аға, бізге солай көрінеді ме, әлде, шындықтың өзі солай ма, әйтеуір, соңғы жылдары сіз қоғамдық өмірде сиректеу бой көрсететін секілді көрінесіз...**

– Қоғамдық өмір – қай кезде де қайнап жатқан тіршілік: күнделікті күйбең ғана емес, асыл армандарға ұмтылу, мұратты мұдделерге қол созу. Айтыс – жүйріктердің қамаутері кеппей жиі-жиі өткізіліп, қара қазанының сексеуіл-шоғы бет қарыған алаулы сәттерде (баспасөз беттерінде өзіміз де, сөзіміз де жарқылдап жарияланып жатады) сырт көзге қоғамдық өмірдің бел ортасында, белуардан қызық кешіп жүргендей көрінген де шығармыз, әйтпесе, бүгінгі таңда да бұрынғы қалыпты тірлігімізді, жұмысымызды жасап жатырмыз.

2020 жылғы қара қытай індеті – елдің еңсесін езіп, жігерін жасытып тастады. Ақпан айында бір-екі айтыстан кейін арасы ұзақ үзіліп, қара күзде «Алтын домбырамен» жалғасын тапты. 2020 жылы екі-үш айтысқа қатысып, жылды түйіндедік. Ал, негізі тірлігіміз қалпымен, өзіміз жалпымен қоян-қолтық күн кешудеміз...

**– Ел сізді айтыскер ақын, талантты өнерпаз ретінде таныды, сіздің Шойбек атаңызды ауыл-аймаққа әжептеуір сыйлы ақын, ал, нағашы әжеңіздің күміс көмей келісті әнші болғандығынан құлағдармыз, қалай дейсіз: өнердің төресі – сіздің табиғатыңыздан ба, болмаса ежіктеген еселі еңбектің жемісі ме?**

– Қазақтың баласы ақын немесе әнші болса, таңғалудың қажеті жоқ. «Әу» демейтін – қазақ

жоқ. Қазақтың кез келген қызы мен ұлы тойдың төрінде бір ән салуға жарайды.

«Ақындық өнер қайдан келді» дегенде, менің Шойбек атам «ел аралап, жер аралап, мынамен айтысқан» деген айтыстары сақталмаса да, ауыл-аймаққа белгілі ақын болған. Ел ішінде қайым айтыстарының ізі бар. Соғыс жылдары ел-жұртқа демеу беріп, айтысқан сөздері жоғалмаған. Өзінің тұстасы Балтабай деген ақын кісімен сөз қағысқан тұстары да, ел аузында. Өкінішке қарай, жазып алмағандықтан, толық мәтіндері сақталмаған. Бұдан




бөлек, «Шойбек айтыпты» деген уәж сөздерді жұрт жиі естеріне алады.

Ал, нағашы әжемізді өзіміз көрдік. Кәдімгі ақындығы, әншілігі бар кісі болды. Маған сөз өнеріндегі қабілет-қарымым, бәлкім, Шойбек атамнан да, нағашы әжемнен де дарыса керек. Өзімнің анам – Ұлбазар ақындығы да, әншілігі де басым жан. Менің алғашқы айтыстардағы өлеңдерімді жазып берген сол кісі болатын. Анамның шумақтарын көшіріп жазып, жаттап шығатынмын. Енді «осымен тоқтайтын шығармыз» деп ойлайтын едім, Әселхан апайымыз бен Қаныбек ағайымыздың алдына барғанда қызығушылығымыз оянып, жампоз ақындардың жетегіне еріп кеттік...

**– Айтыскерлердің де болмысы сан-алуан. Өзіңіз хақында Мәлс Қосымбай: «Оңтүстіктен келгенмен інім менің, екпіні солтүстіктен соққан желдей» демекші, әдетте, сіз салмақты қалпыңызбен, салиқалы сөзіңізбен ерекшелендіңіз. Бұл – ататектің жалғастығы ма, өнердегі таңдап алған тұлғалық кейіп пе?**

– Айтыс өнері – актерлік шеберлік сабағы емес, бізді ешкім сахнада өзіңді ұстауға немесе кәсіби жүріп-тұруға үйретпейді. Тіпті, әнші-актерлер секілді біздің бетімізді опалап, сақал-шашымызды күземейді. Айтыскер – үйде қандай қалыпта болса, түзде де сол табиғи болмысынан өзгермейді.

Көбіне «Өмір мен сахна – екі әлем» деген сөз жиі айтылады, ал, мен үшін екеуі – тым етене, өте жақын, егіз дүние сияқты. Өйткені, сахнаға шыққанда – өмірдегі, болмыстағы, жүрегіңдегі, көңіліңдегі түйіткілдерді тіліне тиек етесің...

**– Асыр салған алтыншы сыныпта қызыл тілдің додасына алып шыққан Әселхан Қалыбекова мен Қаныбек Сарыбаевты өзіңіздің ұстаздарыңыз санайсыз ба?**

– Екі адуынды ақын, сырбаз сүлейлер менің асыл ұстаздарым. Ақынжанды анамның алдынан шыққан мені осы бір ардақты жандар баптады. Алдымен, аудандық оқушылар айтысында алдын-ала жазып берген өлеңді оқып, жүлделі бірінші орын байрағын қанжығаға байлап едік арада біраз уақыт өткенде Әселхан апайымыз бен Қаныбек ағайымыз Отырар ауданынан отыз шақты оқушы қыз-жігіттерді жинап: «Айналайындар, біз сендерді таңдап алып, өнерге баулымақшымыз. Біз қазір айтысып жүрсек те, уақыт озған сайын қартайып жатырмыз. Артымыздан жолымызды басатын інілер мен сіңлілер керек. «Сендерді үйретейік» деп, аудандық Мәдениет сарайына жинадық» – деп, судай жаңа әл-Фараби атындағы мәдениет сарайына бізді апта сайын жинап, айтыстың қыр-сырын үйретуге белсене кірісті.

Қазір ойлап отырсам, «Қартайып бара жатырмыз» деген сол кісілер, шамамен, біздің дәп бүгінгі күнгі жасымызда екен. Не деген көрегендік десеңші!

Ә дегенде, кәдімгідей аяғымыз дірілдеп, асып-сасқан біздердің ол кезде білмейтін нәрсеміз шаш етектен екен-ау: ақындардың айтыста бір-біріне қағысулары мен қағытпаларын түсініп, сіңірудің өзі – асу бермес заңғардай еді. Әселхан апай, Қанекең, Тәушен апа, Көкбай аталарымыздың араларындағы қағытпалардың өткірлігі мен өзектілігі, тапқырлығы мен тағылымы ғажап болатын.

Жас жүрегімізде айтысқа деген гүл бүр жарып, іңкәрлік сезіміміз түйін байлады. Өзіміз асығып, адуынмен тасынып тұратын болдық соған. Ұстаздарымыздың педагогикалық әрі әдістемелік ұтқырлығы – кітаптан үйренген кіріптарлық емес, табиғи қонған қабілет еді, әйтпесе, ол кісілер бізге дейін ешкімді тәрбиелеп, үйреткен адамдар емес.

«Бес саусақ – бірдей емес», уақыт тезімен отыз баладан соңында алты-жеті бала қалдық. Табиғаттың заңдылығы шығар, ер жігіттер – Қанекең жаққа қарай ығысып, қыз балалар – Әселхан апайға қарай ойысты. Қанекеңнің қолтығының астындағы біз – Әселхан апайдың аялы алақанындағы сұлулармен қыз-жігіт болып, айтысатын болдық,

Әселхан апайдың қыздары мен Қанекеңнің қылшылдаған жігіттері айтыстың аламан айқасына түсіп, әрдайым кезекпен жеңіп-жеңіліп жүрдік. Әдетте, Жәкен екеуміз «Қанекеңнің шәкірті» аталып, Маржан мен Айгүл Асановалар «Әселхан апайдың тәлімгері» болса да, меніңше, бөліп-жаратыны жоқ, шындығында, осы кісілердің алдында бірге тәлім-тәрбиесін сіңіріп, қоңыр қозыдай қатар өстік.

Біздің бағымызға қарай, «айтыстың аруанасы» Әселхан апайдың тәлімінен қыздармен айтыстың терең тылсымдарын: өзімізді ұстау, не айту, шегіне-шабуылдау, әсерлі сөзбен әспеттеу т.с.с. түсініп, меңгердік.

Қанекең сезімге – сері, сөзге – ұста жазба ақын әрі ұстаздық қыры басым болғандықтан, аламан айтыстарда алысқа шауып, биіктерді бағындыру үшін танымға – тапқырлық пен ұйқасқа – ұсталықты үйретті.

**– Осыдан тура отыз жыл бұрын Шымқалада тұңғыш рет тау тұлғалы Тәушен апамыз қатысқан республикалық айтысқа шығыпсыз...**

– Сірә, бұл – тұңғыш реткі емес-ау. Ол кезде Тәушен апамыз республикалық айтыстарда көп көріне бермесе де, апамыз қатысқан біраз айтыстарға қатыстым. Мысалы, апамның алпыс жылдық мерей тойында жүйріктің жүгенін жібердік. Тәушен апамның көзін көріп, бәйгеде қатар шабу – үлкен мәртебе.

«Қайым айтыс» пен «Сүре айтыстың» хас ұстасы Тәушен апамыз, әттең, айтысқа кештеу шығып, тұстастары тым сиреп қалды. «Қатарың болмаса, тойға барма» демей ме қазақ, сара сөздің сардарына – желкілдеген көкөрім жас балалармен айтысу – аса ауыр.

Тоқсаныншы жылдардың басында Тәушен апамыздың жалғыз тұстасы түлкібастық ақын Тұрар Байсариев көкеміз ғана қалды.

Тәушен апам – аузын ашса, өлең төгілген, әр сөзі қыздың шашындай көркем өрілген, сөзі таза ұсталық қалыптан шыққан, айналасының көркін қыздырған әзіл-қалжыңы жеңіл де жылы, насихаты нақты, талғамы терең нағыз айтыстың алдаспаны еді. Мен таң қалып: «Ойпырмай, алпыстан асқанда да аламан-тасыр алысып, айтысуға болады екен-ау!»–деп, ойлайтынмын...

**– Жасырып қайтеміз, оқта-сонда бас қосатын айтыс аламандарының жүлделері қомақты болғанымен, сары қарын бәйбіше мен қара қазан балаға күнде тамақ ішу керек, сіз соңғы жылдары**




**ағартушылық ісіне етене араласып, білдей қаланың білім саласына басшылық еттіңіз. Бірақ, бір сәт бақылау аймағынан шығып кеткен ұшаққа ұқсап, көрінбей қалдыңыз. Себебі не?**

– Себебі, біреу: мемлекеттік қызмет. Ресми лауазым, биліктің тәртібі – еркін жүріс, талғамсыз тұрысыңды көтермейді...

**– Шығармашылық адамы – еселі еркіндік пен емен-жарқын кеңістікке дағдыланған...**

– Ойындағысын ашық, тіліндегісін тура айтып тастайтын шығармашылық адамына оңай тимеді. Бойыма жинаған ой-түйіндерімді айтыста ақтарып тастайтын ақын болсам да, әлбетте, аяғы аспаннан салбырап түскен ешкім жоқ, мен де лауазымды қызмет, жауапты мансапқа саналы түрде барған азаматпын. Сондықтан, тиісті саланың тәртібі мен ережесіне көнуге міндеттісің. Мысалы, айтыста да қажетті ереже мен тәртіпті сақтауға тиіссің.

Әр жердің өз талабы болғанымен, обалы кәне, мені бірінші рет қызметке тағайындаған кезде-ақ басшымыз, қала әкімі марқұм Әліпбек Өсербаев ағамыз кісілік һәм кеңшілік танытып: «Қарағым, «айтысқа жібермей жатыр» деген сөз болмауы үшін қажетті айтыстарыңа барып тұр» – деп, өнерімді өрістетуге ешқандай шек қойған жоқ.

Алайда, қызметіме қарасты қала мен ауылдардағы жүздің үстіндегі мектеп пен балабақшаны аралауға уақыт жетпей жатқанда, айтысқа қарауға қайдан мұршаң болсын.

**– Білім саласындағы басшылық мектебі сізге не берді? Бүгінгі күннің терезесінен өзіңізге сырттай қарағанда, не көресіз?**

– «Сырт көз – сыншы» деген тәмсіл шындық десек те, медальдің екі жағы болады, неге десеңіз, кейде және көбіне сол сырт көздің – көргіштігінен емес, айтқыштығынан зардап шегуіміз басым. Айталық, мен негізі «өнерде жүрген адам» саналғаныммен, мәдениет саласында өмірімде небәрі алты ай ғана жұмыс істеппін.

Ал, күллі ғұмырым білім саласында өтті: университет, өнер мектебі, білім саласының басшысы... Қазір де білім саласындамын. Бұрын сырт көз ретінде «былайша жасауға болады» деген нәрселерім – саланың ішіне кіріп, нақты көргенде, басқаша болуы мүмкін. Өйткені, не нәрсенің де өзіне тән заңдылықтары, ережелері, талаптары бар.

Алты жылға жуық өнер мектебін басқардым. Сосын, мүмкіндік туған кезде білім саласының басшылық лауазымына «өзімнің күш-жігерімді байқап, сынау үшін әдейі бардым» десем болады. Өйткені, алты жыл өнер мектебін басқарғанымда білім саласының басшысы мектебімізге бір рет те келмеді. ««Шағын мектеп» деп, менсінбеді ме» деп, іштей ренжитінмін...

Бір жылдан кейін біз үлкен концерт жасап, басшымыздан бастап, бізге қарасты бүкіл мамандарды түгел тайлы-тұяғына дейін арнайы шақырдық. Бір адам келген жоқ. Уәждері: «Жиналыс болып қалды».

Бір күні білім ордамыздың 5 жылдығы келіп, «Бітіруші түлектерімізге алғашқы куәлігімізді береміз» – деп, тағы да құрмет көрсетіп, шақыру хаттарын жеткіздік. Ешкім төбесін көрсетпеді... Ескі сылтаулары қайталанды: «Жиналыстан шыға алмадық»...

Өзім сала жетекшілігіне тағайындалғанымда, «Жиналыстың жетегінде кете берсең, бір мектепке де бара алмайды екенсің» деген тұжырыммен өз аяғыммен барып, әрбір мектептің есігін ашып, өз көзіммен көруге тырыстым...

Бірақ, басқа бір өмірлік ақиқатқа көзім анық жетті: ешкім өз еркімен, өз қалауымен, өз білгенін жасап, мемлекеттік қызметті атқара алмайды. Себебі, мемлекеттің білім мен ғылымды дамыту бойынша қабылданған арнайы бағдарламалары бар: балабақшада,

орта мектепте, орта-кәсіптік білімде, университетте т.б.

Мықты болсаң, үтірі мен нүктесіне дейін айқын көрсетілген осынау тұжырымдамаларды тиянақты, сапалы, уақтылы, толық жүзеге асырып, өзіңнің білімің мен білігіңнің, тәлімің мен тәрбиеңнің, ұсталығың мен шеберлігіңнің деңгейін нақты нәтижелермен дәлелде!

Ең алдымен, басшы – мемлекеттің сенімді өкілі, жауапты қызметшісі; мақсаты – мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру.

Әлбетте, тиісті салада қажетті ұсыныстар айтып, талап-тілек білдіріп, пайдалы пайымдар жариялауға әбден болады, дегенмен, мемлекеттік бағдарламаны мойындамауға, ауытқуға, өзгертуге, орындамауға құқың жоқ. Сол себепті, менде мемлекеттің бағдарламасын және менің басшы ретінде алдыма қойған тапсырмасын әл-қадірімше атқаруға тырыстым.




**– Осындай орасан жауапкершілік, тынымсыз тәуекел, тоқтаусыз талпыныс, үзіліссіз жүгіріс – серке өнердің сырбаз серісін шырата алды ма?**

– Мемлекеттік қызмет дегеніміз, ең алдымен, темірдей тәртіп пен ортақ мүддеге жұмылу және белгілі бағдарға бағыну. Уақыттың қадірін, бардың бағасын терең түсінесің: бүгін бітуге тиіс шаруаны ертеңге қалдырсаңыз – ертеңнің несібесі қосылып, еселене түседі.

Білім саласы – біздің өміріміздегі ең маңызды сала: бала-шағамыздың, ұрпағымыздың болашағына атүсті қарауға болмайды, қызық-шыжығы шаш-етектен болса да, тірнектеп теріп, тиянақты атқаруға тиіспіз...

**– Танымалдық – тіреу болуымен қатар, табаныңызды тайдырған сәттер кезікте ме?**

– Әу бастағы мақсат-мүддемізге сай өмір сүруге тырысып келе жатырмын. Дәл мені бір қысымға алып, ұстанымымнан айнытқан кездер есімде жоқ.

**– Ұмырлық ұстанымға тұрақты болу ауыр ма?**

– Менің ұстанымым Қайыпназар Әйтпеновтің термесіндегі:

«Адам боп келдім өмірге,
Адам боп өту – тілегім,
Бәріңе соны тіледім» – деген ғибратымен үндес.

Адам болудың өзі де, Адам болып қалу да, Адам болып өту де оңай емес!

**– «Ақын – атамзаманнан халық пен билік арасындағы алтын көпір» деген бұрнағы ұстанымыңыздың іргесі сөгілген жоқ па?**

– Бұл ұстанымның іргесі сөгілмейтін шығар. Егер айтыс аман-есен тұрса, оның қызметі – халық пен билік арасына алтын көпір салу. Айтыс қазір осы міндетін тікелей атқарып келе жатыр. Қатты айтып, қара қылды қақ жарған; жұмсақ сипап, ар-ожданыңды қытықтап оятқан екі ақын да – ақырғы мұрат, соңғы мүддесіне жетсе, бәйгеден келгені.

Әр ақынның әдісі алуан, тәсілі тарамды болуы ықтимал, бірақ, мақсаты біреу – қара қазақтың мұңын айту, тілегін жеткізу. Ұлтына жанашыр, жұртына бауырмал ақынның аузына береке мен бірлік, ынтымақ пен ырыс деген сөздер түседі. Дегенмен, шындықтың қашанда ащы да кермек болатындығын ескерсек, кемшілікті көріп, қателікті дөп басқан ақынды «халықтың жауы» санамау керек. Шындықты шыңғырта айтып, сынай алмаған ақынның азуы сынып, қызыл еті қалса, оның сөзінде не құн, өзінде не құн қалады?..

**– Өзіңіздің өнер мектебіңіз туралы толығырақ айта кетіңізші?**

– Білім саласында «мектептен тыс мекемелер» деген түсінік-дәреже бар. Негізінен, мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында құрылған мекемелердің қатарына Өнер мен Саз мектептері, Балалар мен жасөспірімдер орталығы жатады. Мемлекетте белгіленген тәртіп бойынша, мысалы, Саз мектебі әуен-сазға ғана дайындайтын домбыра мен түрлі аспаптарда ойнауды үйретеді. Саз өнері – сөзге ауысқанда, эстрадалық нұсқа саналатын вокал немесе хореография қосылады. Ал, Балалар мен жасөспірімдер орталығы қолөнер, пәндік сияқты әралуан үйірмелерге тәлімдейді.

«Тәуекел түбі – желқайық» деп, өнер мектебінің іргесін қалағандағы басты арман, асқақ ойымыз – жастарды айтысқа, халық әніне, жыр-термеге, толғауға, күйішілікке тәрбиелеп, ұлттық өнерімізді дамытатын мықты мектеп қалыптастыру болатын.

Ең маңыздысы, бүгінгі таңда жас ұрпақты шамашарқынша өнерге баулып жатқан білім мен тәлім ордамыз нәтижелі еңбегінің арқасында жыл сайын айтыстан, жыр-термеден облыстық, республикалық сайыстардың жүлделі орындарын иемденіп, жеңімпаздар атануда.

Ұстаздар қауымының арасында жүзден жүйріктер аз емес, айталық, «Халық әні» бойынша Қажыбек Бекбосыновтың тікелей шәкірті Аязбек Рүстемов әрдайым алдыңғы қатардан көрінеді. Аракідік Қажыбек

Бекбосыновтың өзі де дәріс оқып, тәлім береді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен қарым-қатынасымыз ықыласты, өнерпаздарымыз ынтымақты.

Ең өкініштісі де өзекті түйіткіл – өнер сүйер жастарды оқытатын тұрақты да кеңқолтық ғимараттың жоқтығы. Демек, мектептен тыс мекемелерге мемлекет белгіленген индикатор көрсеткіштер бойынша әлі де айқын тапшылық байқалады. Өнер шаңырағының уығы қадалса, іргесін кеңейтуге болады. Өйткені, кез келген ұлттың беделді бет-бейнесі – өрісті өнерінен көрініс табады...

**– Білім саласында басшы болдыңыз, абыройбеделден де кенде қалған емессіз. Осынау ұзақ уақыт, жарқын жылдарда ғимарат мәселесінің шешілмеуіне не себеп?**

– Еліміздің білім беру саласының ең алғашқы орынында – жалпы негізгі білім беру тұрады. Негізгі білім беру үшін үш ауысымда оқуға жақын мектептеріміз көп. Мұның өзі жақсылық көрсеткіші, яғни, аймағымыздағы бала туу көрсеткіші жоғары. Бір сыныпта қырық баладан оқып, әр оқушының атын атап, бір-бірлеп шақырғанда, қырық минут өтіп кетеді...

Бір сыныпта қырық оқушы қысылып-қымтырылып отырса, жақсы білім алуға қалай мүмкіндік болады? Сыныпта ауа жоқ, демалу қиын. Балалар сыныпта иық тіресіп отырып, дәлізде сыймай, соқтығысып жүреді. Бір баланы «артықсың» деп шығарып жіберуге заң жүзінде құқың жоқ. Ата-анасына: «Балаңызды аяңыз, оқушысы сыймай жатқан мектепке емес, үйіңізге жақын сыныптары кең мектепке беріңіз» десең, құлақ аспайды. Баяғы қасаң түсінік, қатып қалған қалыппен «Ата даңқымен – қыз өтеді» демекші, аты бір жақсы жағынан шыққан мектепке баласын қырық оқушының ортасына тұншығуға жібереді. Ол жерде ешкімнің басының қақпағын ашып, білім құйып бермейді...

Бүгінгі таңда мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы негізгі қаржымен қарайласып, өңіріміздегі бүлдіршіндердің балабақшаға орналасу мәселелері біршама шешімін тапты.

Аймағымыз жаңғырып, қаламыз орталыққа айналғалы қаржылық әлеуетіміз күшейіп, қазір жыл сайын екі-үш мектептен, тіпті, мың балаға арналған білім ошақтарын қосарлап салып жатырмыз.

Менің ойымша, Елбасының бастамасымен, мемлекет басшысының ықпалымен өңіріміздің қазына-қоржыны молайып, қомақты қаржы еселеп көбейгендіктен, мемлекеттік мектептердегі оқушыларға орын жетіспеушілік мәселесі де жылдам реттелетін болады.

Келесі кезекте «мектептен тыс мекемелер» дәрежесіндегі «қосымша білім беру» мекемелеріне қарайласу тұр...

**– Айтыс – атамыздан қалған көне мұра. Еліміздің еркіндік алғанына отыз жылдан асса да, осынау орасан байлығымыз айтыс – уақытша демеуші, қаржылай жебеуші іздеген бейшара күйде. Сондықтан, сіздің «Айтыстың иесі жоқ» деп қалған ащы сөзіңіз – нағыз шындық. Мемлекетіміз айтысты өз қамқорлығына, шынайы жанашырлығына қашан алады деп ойлайсыз?**

– Шынайы жанашырлықпен «айтысты жарылқай қояйын» деген ешкімді көрген жоқпын. Әйтпесе, осы ойды айтып жүргенімізге көп болды. Мәдениет министрлігінің негізгі жұмысы – ұлттық өнерімізді дамыту. «Рухани жаңғыру» деп, үргін-сүргін болып жүргендерге айтарым: «Рухани жаңғырудың атасы – айтыс».

Мәдениет министрлігі жылына бір рет өткізетін «Алтын домбырасын» міндетсініп, келесі жылға дейін жатады. Сонда ақынның бәрі «Алтын домбыраға» қарап, жыл бойы аузын ашып отыруы керек пе? Түрлі айтыстарды өткізуге міндетті ғой, Мәдениет министрлігі. Бірақ, Мәдениет министрлігі ««Алтын домбыраны» өткізу ғана міндетім» деп, есептейтін сияқты. Мәдениет басқармалары да кірпігін қимылдатпайды...

Қазіргі Түркістан облысының Мәдениет басқармасы соңғы үш жылда бір айтыс өткізген жоқ. Мәдениет басқармасы жоспарына кіргізіп, «айтыс өткізем» десе, қолын ешкім қақпайды. Біздің басқармалар талай шараларды жоспарына кіргізіп, флешмоб өткізеді. Флешмобты көрдік: жиналған жастар қолын алға бір сермейді, артқа бір сермейді де, «біз бірдеңені қолдаймыз» дейді... Флешмоб – белгілі бір науқан мен шараны қолдауды білдіріп, өткізетін жастар белсенділігінің бір түрі шығар. Бірақ, «Рухани жаңғыру» деп, қаншама құрғақ ұрандатсақ та, мәдениет саласы айтысқа келгенде жаңғырмай тұр. Тек айтыс қана емес, Кенен Әзірбаев атындағы әнші-термешілердің республикалық байқауы сияқты әйгілі конкурстар да көзден ғайып болды.

Айтыстың «жүрегін тоқтатпай тұрған» – салалық Одақ пен анда-санда қарайласқан «НұрОтан» саяси



партиясы.

**– Айтысты нақты қолдауға, еліміздегі екпінді партия пәрмен бермей ме?**

– Саяси партия дегеніміз – мемлекеттік құрылым емес, қоғамдық бірлестік болғандықтан, ұсыныс айта алады, бірақ, мемлекеттік орындарды міндеттейтін пәрмен беруге құқы жоқ. Турасында, жетекші партияның қолдауын күтпей, облысымыз бен қаламыздың – жаңа облысымыз бен оның орталығында жасалып жатқан қырғын шараларды көрсетіп-айтып, үгіттеп-насихаттап, елге жеткізудің әдемі жолы ретінде айтысты таңдап алуына әбден болады. Мысалы, егілген жас жетек талдарды – жұлып тастаған; жарқыраған самаладай жаңа шамдарды – қасақана шағып-сындырған; андыздап мөлдір су аққан таза арықтарды – әдейі бітеп, көзін көмген надандық пен енжарлықтың таспасын тіліп айтып, ақиқаттың ащы нәсерін төгетін айтыс емес пе?!.

Жаңа аймақ, өңірдің идеологиялық қаруына айналуға тиіс өнердің атасы, халықтың батасы – айтыстың қадірін түсінбеу мен бағасын білмеу парасат-пайымның көрінісі емес.

**– «Жастар – айтысты білмейді немесе сүймейді» деуден аулақпыз, бірақ, соңғы жылдары айтыс жанкүйерлерінің арасында қатары сиреп бара жатқандай...**

– Баяғыда менің бір айтыста айтқаным бар: Шымкентте Наурыз айтысы болып, алдыңғы 4-5 қатарда – ата-апалар, сосынғы қатарларда – орта жастағылар, соңғы қатарда – жастар отырады. Алдындағы кісілер келесі жылы да мызғымайды, олар арнайы шақырылған қонақтар емес, бірақ, айтыстың нағыз шынайы жанашырлары. Сол кезде айтқаным бар еді «төрдегі апаларым мен аталарым, сіздердей көреременнен айырылсақ, біз далада қалатын сияқтымыз» деп...

Айтысқа жастардың да ынтасы ыстық. Барған жерімізде көріп те, сеніп те жүреміз. Жап-жас жігіттер мен қыздар амандасып, «айтысты жақсы көреміз» деп жатады. Әлеуметтік желілерде қаралымдары бірнеше мыңға тартатын айтыстар бар. Сол бекер емес.

Айтыс – жалықтырмайтын жанр. Әнді бір-екі рет тыңдап, жалығуың мүмкін, бірақ, бір айтысты – ешқашан екінші айтыс қайталамайды. Айтыс – синкретті жанр, құр сөз ғана емес, ішінде саз да бар. Айтулы ақындарымыз нешеме алуан мақамдарға салғанда, сұлу жорғаға мініп кетердей делебең қозады. Айтыстың мол қырлы мүмкіндіктерін пайдалана алу керек.

**– Бүгінгі таңда әралуан айтыссымақтар пайда болды (мысалы, ақын мен әнші айтысы), сондай теріс тәсіл, әңгүдік әдістер туралы сауал қойып, сізге қолдан дұшпан жасамай-ақ қояйық, бірақ, «Мен бір нәрсе бітіріп жүрсем, қолымнан бір нәрсе келер болса, ол – осы айтыс қана» – деген сөзіңізді ескеріп, айтыстың болашағы жайлы ойыңызды білгіміз келеді...**

– Айтысты небір шоу-бағдарламаларға тарту – телеарналардың рейтингі үшін жасалып отырған дүние ғой. Шоу-бағдарламаларда «ақын мен әнші», «ақын мен балуан» деп, рейтинг көтерудің әуресімен әлек. Бұл әрекеттердің шынайы айтыс өнеріне ешқандай пайдасы жоқ. Бәлкім, біреулердің танымал болуына ықпал ететін шығар. Бірақ, арналы айтыс – өз жөнімен, өзінің ізімен кете береді. Маған да осындай айтысқа қатысуға қолқа салған. Қазір сол кезде қолым тимей қалғанына қуанамын...

Астанада айтыс мамандығын оқытатын «Шабыт» университеті бар, біздің Өнер мектебімізде ақындарды тәрбиелейміз. Егер Астанада жылына бір-екі айтыс: «Тәуелсіздік күні айтысы» мен «Астана күні айтысы» ғана өтсе, аталған қос білім ошағының түлектері «қайда барам» деп оқиды, «қай айтысқа қатысам» деп ойлайды?.. Сондықтан, менің түйсігім бойынша, айтыс тұрақты өтіп тұратын тыңғылықты жүйе құру керек. Сонда айтыстың өтуіне жағдай жасалса, демек, белгілі бір дәрежеде айтыскерге де жағдай жасалады.

Халықтың ықыласы ыстық айтыс өнерінің отын жағып, шоғын үрлеп тұру үшін екі айда немесе тоқсан сайын республикада, облыста, қалада, ауданда міндетті айтыс сайысы өтуге тиіс. Ақындар бойын жинап, ойын түзеп, сөзін күзеп, әрбір жарыстың кезекті сатысынан сүрінбей өту үшін өзін-өзі іштей де, сырттай да баптайтын болады.

**– Республикалық «Алтын домбыра» айтысында жас ақындардың көрінбеуіне негізгі себеп осы дейсіз ғой...**

– «Бұлақ көрсең – көзін аш» деген, көзін ашатын механизм керек, жас ақынды қатыстыру үшін, алдымен, аяқ алысын көру керек. Жас перілерді көрсететін аламандар керек. Тани алмаған асыл-маржандарымыздың туған топырағымыз – Түркістан аймағының талай бөктерлерінде де «бұғып» жатуы әбден мүмкін...

**– Ең соңғы «Алтын домбыра» айтысынан кейінгі туған сауал: бас бәйгені бір ақынға бірнеше мәрте беру саясат па, әлде шашасына шаң жұқтырмайтын жүйріктің шындығы ма?**

– «Саясат» дегенін білмеймін: көзім көрген жоқ, құлағым естіген жоқ. Негізі, Мұхтар Ниязов – шын жүйрік.



«Алтын домбырада» ғана емес, талай айтыстарда топ жарған тарлан. Ал, айтыста – әділетсіздік баяғыдан бар. Оны көрермен де, өзіміз де көріп жүрміз. Бұл – қазының ар-ұятының барометрі. Соған салып бағалайтын нәрсе. Басқа ештеңесі жоқ....



**– Әр адамның құмар ісі, жанына жақын кәсібі болады. Ұзынқұлақтан сіздің асыл тұқымды атқа, көкпар мен бәйгеге құштарлығыңызды құлағымыз шалып қалды...**

– Атбегілік, атқұмарлық – ата-бабамыздың мұрасы. Біздің әулетімізде айрықша атқұмарлық бар. Біздің ауыл – Отырар. Менің бала кезімде 1980-90 жылдар арасында көкпар Түркістанда болатын. Ауылдан төтесімен шықса, Түркістанға 50 шақырым. Көкпар Отырабат бекетінің тұсында өтеді. Соны біздің ауылдан қарап отыратын. Бірінші соғысқа әскер шыққандай лег-легімен аттар аттанады. Сонда алдында 20-30 қариялар шығатын. Жол бастайтын қариялар екен. Өздері ерте жиналып, 20-30 шақты шал бірінші шығып кетеді. Артынан кәдімгі отыз-қырықтағы жігіттер ереді. Сосын, тай-құнандар, ақырында, біз шығамыз, есекпен...

Бір атта – бір адам. Бір есектің үстінде – үш адам. Өз-өзімізбен тартысып, есек көкпар шауып қайтамыз, кешке дейін улыған-шулыған болып. Сонда біздің ауылдың өзінен 100 ге жуық адам шығады. Баласы бар, қариясы бар. Сол жерге таяу Абат деген көкеміздің қыстауында шалдар бұрын, кейін екінші лек келіп, шәй немесе айран ішеді. Соңына бізде ілесеміз: бір таба не жапырақ нанға. «Не деген береке ана үйде» деп қызығатын едім. Сол кезде Абат көкемнің айтатыны ғой: «Ей, қайтарда соқпай кетпеңдер!» дейді...

...Тоқсаныншы жылдары тоқырау басталды. Көкпар не нан табу – мұң болды. Малдың бәрін Түркістанға келіп, ұнға айырбастайтын. Ақша жоқ. Біздің ауылда көкпарға шығатын ат қалған жоқ.

Біздің үйде бір ат қалды. Сонда көкпар өте сирек. Тіпті, Түркістанның өзінде аз. Арыста, Ордабасыда болады. Біз сол көкпарға бір атымызды артып алып шығамыз. Мәшине табу қиын. Көкпарға бәріміз құмармыз. Атымызға беретін жем-шөп табудың өзі кәдімгідей қиын кез. Сондайда анамыз: «Бір ат – бір үйдің ырысын ішеді» деп, отыратын...

Қазақтың баласына жылқының басы – ырыс. Аттың құдыреті – құмарлық. Қазір Астанада апта сайын дүркіреген көкпар өтеді. Салымы да жақсы, аты да көп. Бекболат ағаларымыз қайнаған көкпардың ішінде жүр. Шабандоздар қалалардың екі ортасыда ұшып, көкпар шауып жүр.

Ат барған жерге – қазақылық барады. Аттың үстінде жүрген адамға – ерекше рух бітеді. Баяғыда бір көкпарда атқа мінген атақты Төребек көкеміздің жанынан атпен ағызып өте шығыппын. «Ей, Шойбеков!» деп біреу айқайлады, артыма қарасам, Төребек көкем екен. ««Күрең атқа міндім» деп, кісіге сәлем бермейтін болыпсың ғой» деді. Сәлем беріп, «Келіңіз, мына атқа мініңіз!» деп, көкемді атқа мінгіздім. «Көрейікші, сенің атыңды» деп, бір айналып келіп; «Ей, Шойбеков, мына атың, шынында, кісіге сәлем бергізбейтін ат екен» деді. Сол айтпақшы, аттың желі деген – сұмдық. Ақ бұлттың ар жағына бір-ақ шығарып жібереді...

**– Шамамен, жеті жыл бұрын Ақжайықтың аққыраны Жансая Мусинамен наурыз аламанында:**

**«...Бұрынғының дауларын билер шешсе,**
**Бүгінгінің дауларын сот шешеді.**
**Өздерің күнде көріп жүрсіңдер ғой,**
**Шешсе де бірдеңеңді «жеп» шешеді.**
**Соттан әбден зәрезәп болған халық,**
**Қазір сотқа бармайды, беттеседі.**
**Дауға айналып, өзара жауға айналып,**
**Біржола көрместей боп кектеседі.**
**Ақыры, бір-біріне мылтық тіреп,**
**Сот шешпеген нәрсені «оқ шешеді».**
**Би – түзу, билік – әділ болып тұрса,**
**Дәл мұндай жағдайға жетпес еді...**
**Ақиқатқа жете алмай ашынғандар,**
**Шетінен жыртқыш болып кетпес еді...» – деп, қара қылды қақ жарып едіңіз, қазір мемлекет басшысы да, сот іс жетекшісі де ауысты, өзгеріс-өріс сезіле ме?**

– Иә, бұл айтыс – есімде. Есімде болатын себебі, мен жаңылмасам, Төле би ауданында ма екен, бір отбасылардың арасында дау-жанжал болады. Жерге таласады-ау, шамамен. Шағымданып сотқа да барады, шешілмейді. Сосын, бір-бірімен атысып, шешеді... Мемлекеттің әлсіздігі ғой. Жүйені дәлелдеп, көзіне көрсетіп, шегелеп ақиқатын шешіп, мойындатып жіберу ғой – соттың жұмысы. Бұрын бидің алдына барған кезде би «сен жеңдің, сен жеңілдің» демеген, көзін жеткізіп мойындатып, кәдімгі қол алдырып, жеңілген адамның айыппұлын төлетіп, қайтып ол мәселеге оралмайтындай етіп жіберген... Біздің сот та нақты көзін жеткізу керек.

Көзін жеткізгенде – көзсіз тірліктерге бармайды. Бұл – бір-ақ мысал.

**– Түрік баласының рухының қағбасындай болған Түркістан облысқа айналғандағы, ең алғашқы әсеріңізбен боямасыз бөліссеңіз...**

– Сұмдық қатты қуандық. «Түркістан облыс болады» деген үш ұйықтасақ – түсімізге кірмеген. Өйткені, осы уақытқа дейін біздің қариялармыздың президентке жазған хаттарының барлығы Түркістанға облыс орталығын емес, қала мәртебесін сұрады. «Өз алдына жеке бір қала болса» деп сұрап келді. Бұл – Елбасының тікелей идеясы, бастамасы, ілкімді ісі. Бұған ешкім жармаса алмайды, шындығы осындай.

Тіпті, облыс орталығы болған кездің өзінде де «Түркістан облысы болады» деп, ешкім ойлаған жоқ. «Оңтүстік Қазақстан облысы» болады деп ойлады. Елбасымыз бәрімізді таңғалдырып,«Түркістан облысы» деп атады. Облыс орталығын көшірді. Жаңа қала салып жатыр...

Түркістанның адамдарды тартатын күші бар, бәлкім, ата-бабалар рухының тылсымы болар. Қай қазақтың түбін қазып келсең, бір бабасы – осы жерде жатыр. Қазақтың қаншама хандары, билері, батырлары Түркістан топырағында бақилық байыз тапты. Қазыбек бидің сүйегін сақтап, алты айдан соң осы жерге алып келген нәрсе не құдірет?... Биді, батырды осы жерге тартқан нәрсе не? Ал жақсы әулие шығар. Сонда әулиенің қасиеті не? Осы нәрсені кішкене халыққа ашыңқырап халықтың өзінің тілінде жеткізу керек. Мен үнемі Д.Кенжетай секілді Яссауи танушы кісілерге сіздер жақсы ғылыми еңбектер жазасыздар, бірақ тым тереңдеп кетесіздер, халықтың тілінде жазылса деймін. Иә, қасиетті жер, бұл жерде Яссауи бабамыз жатыр дейміз, әрі қарай бара алмаймыз. Сосын бізден «Яссауи несімен әулие, не қасиеті бар?» десе не айтамыз елге? Дін таратқан. Жақсы, одан басқа ешкім дін таратқан жоқ па? Пайғамбардан бері қарай қаншама сахаба, машайх әулие-әмбие дін таратты ғой. Ерекшелігі неде осының? Жұрттың бәрінің құмар болатындай не қасиеті бар? дегенге халықтың өз тілінде жауап беру керек деп ойлаймын. Алдымен жергілікті ұлттың, халықтың санасына әбден сіңіру керек. Соны сіңіріп жіберген кезде халықтың өз болмысы да өзгеріп шыға келеді. Рухтанады. Рухани орталық меніңше сондай болу керек. Рухани орталық деп жазып қойғанмен одан рухани орталық болып кетпейді. Құрылыстар жүре берер. Бұл жақсы. Сол руханият жағына көңіл бөлуіміз керек. Шынымен халықтың рухын оятуымыз керек.

Түркістан топырағының қыр-сырын, құдірет-қатпарын, тылсым-құпиясын ғалымдар біледі. Меніңше, ғалымдар халықтың рухын ояту үшін – халықтың тілінде сапалы да түсінікті еңбектер жазу керек.

**– Сөздің тоқетері, бүгінгі Түркістан – жаңа ғасыр басында іргесін қалаған қазақтың жаңа астанасы Нұр-Сұлтанды еріксіз көз алдымызға келтіреді. Түрік баласының рухани астанасында ғасыр құрылысы қайнап жатқанда, тепсе темір үзетін келісті қырықтың кемеліндегі алаштың аймаңдай азаматы сіз – «Ұл тілегі – ұлтында, құл тілегі – құлқында» деп ақын Сабыр Адай ағамыз айтпақшы, қызу шаруа, несібелі науқанның қою ортасында жүруге тиіссіз ғой...**

– Біз руханият жағында жүретін шығармыз. Әркім өз қолынан келетін нәрсесімен үлес қосу керек, қала мен облыстың дамуына. Құрылысшы – құрылыс саласында, етікші – әдемі етік тігу керек, саудагер – жақсы саудасын жасау керек деген сияқты. Мұғалім өз үлесін қосу керек. Біздің үлесіміз – бойымыздағы азын-аулақ өнерімізді шәкірттерімізге үйретіп, мектептерді дамыту болса керек.

Басқа жағынан керек болсақ, еш аянып қалмаймыз. Қыш қалау керек болса, несі бар, бір үйден салдық бәріміз, кесек те қалаймыз... Шынында, қалада түсімізге кірмеген нығметтер болып жатыр. Түркістанда жаз бойы жаңбыр тама қоймайтын еді, соңғы жазда нөсерлі көп жауын жауды.

Табиғи отынның жақсылығы – қаншама бейнеттен құтқарды. Бұрын қаланың еңсесін қара түнек басып тұратын. Қазір тап-таза болып кетпесе де, қою қара бұлт – сирек ала бұлтқа айналды. Құдай қаласа, келесі жылы көгілдір аспанды тамашалармыз...

Қанша жол жасалды, көшелерге тас төселді, тақтайдай жолдар, әдемі шамдар... Күллі қазақтың қалтасынан жинап, салықты сығып алып, біздің шаһарымызды жандандырып жатыр, біз соншама байлықты, мәселен, көшенің жарқыраған самала шамдарын сындырмай, әдемілеп ұстауымыз керек қой.

**– Иісі түркінің рухани астанасы Түркістанда кіндігін кескен «Сарасөз» – аймақтағы жалғыз республикалық журнал...**

– Жаңа баспасөз құралын шығару – қашанда айрықша қажыр-қайрат пен ерекше күрескерлікті талап ететін қасиет. Өркениет иектеп, баспасөз әлемі де ерікті түрде электрондық қалыпқа ауысып, цифрлы бейнеге ыңғайланғанымен, меніңше, бәрібір, адамның әсер алуы мен ләззатқа бөленуі – қағаз газет-журналды қолға ұстап, оқығандай болмайды. Қолға ұстау, оқу, аудастыру, парақтау, тіпті, қағаздағы әріптің майының мұрныңа келу үрдістері – асықпай ойлануға, сабырмен толғануға алып келеді... Теміркұрсаулы суық гаджеттен – эстетикалық ләззат ала алмайсың. Газет-журналдардың өзіндік әдемі исі болады.

Меніңше, халыққа қажет нәрсе: рухани байлық пен эстетикалық талғам.

«Сарасөз» журналынан өз басым осы қос қажеттілік қасиетті көрдім. Мысалы, өнер мен білімді қатар серік еткен Бекжігіт Сердәлі ағамызды бәріміз білгенімізбен, сіздің журналыңызды оқыған адам – ол кісінің жан-дүниесіне тереңірек үңіліп, толығырақ түсінеді. Өмірде адамның жан-дүниесін танудың маңызды болатын себебі – жақсы кісінің бай да қазыналы қасиеттерін неғұрлым етене таныған сайын – соғұрлым өзіңнің жан-дүниең де тазарып-түлей береді.

Жақсылық, жылылық, жұмсақтық – рухани дәрумендері – «Сарасөз» журналының болмыс-бітімімен әрдайым біте қайнассын!

Түркістан қаласы.




# Сенім бар жерде - ЖЕҢУ бар!

## ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛЫҚ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕРІНІҢ ІЗГІ ШАРА, ИГІ ІСТЕРІ

### Ізбасарлық үлгісі

Жасыратыны жоқ, 2020 жылы әлемге таралған коронавирустық пандемия – қазақ елі үшін де үлкен ауырлық арқалатқан сынақ жылы болды. Ұзақ мерзімді карантинге және шектеу шараларына байланысты үлкен қиындықтарға тап болған біздің өміріміз де өзгеріске ұшырап, жаңа басымдықтар пайда болды.

Басты құндылық – адамның өмірі мен денсаулығы екенін түсіндік. Аса ауқымды сын-қатерлерге қарамастан, «Nur Otan» партиясы экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, қаланы қауіпсіз әрі жайлы ету үшін бар күшін салуды кідірткен емес.

Түркістан облысы Түркістан қалалық «Nur Otan» партиясы филиалының кезектен тыс XVIII конференциясының 2020 жылғы 10 қарашадағы №6 қаулысымен Түркістан қаласы бойынша «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы бекітілді.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын көпшілікке таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізген Түркістан қаласының мәслихат депутаттығына үміткер Алтынбек Тұрлыбиұлы қаламыздағы Мұстафа, Шоқай, Тараз, Кәрменов, Сатыбалды көшелерінің тұрғындарына «Есіктен – есікке» акциясын «Jas Otan» мүшелерімен бірге өткізді.

Біздің партиямыз мемлекеттіліктің нығаюына, қоғамның бірігуіне және азаматтардың мүддесін қорғауға қызмет ететін саяси күш екенін дәлелдеп қана қоймай, «Jas Otan» жастар ұйымының «Nur Otan-ның» сенімді ізбасары екендігіне мейлінше мол мүмкіндіктер туғызуда.

Партияның сайлауалды бағдарламасындағы дамудың жеті баспалдағының бірі – «Жастарға арналған қала» деп аталады. Жас кәсіпкерлерге жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 23 жоба мақұлданып, 12 778 млн. теңге көлемінде мемлекеттік гранттар нақты бөлінді.

Еліміздің тұтас халқын береке-бірлікке, ынтымаққа үндеп, бұл ұғымдардың көп этносты Қазақстан үшін қашанда аса қымбат әрі қажет екендігіне тоқталған Түркістан қаласының мәслихат депутаттығына үміткер Алтынбек Тұрлыбиұлы ізбасарлық үлгісін көрсеткен жастардың елдің жарқын болашағы үшін еселі еңбектене беретіндігіне сендірді.




## Ашық әңгіме, анық іс

«Nur Otan» партиясы – ашық әңгіме мен анық істің алаңы. Нақты мәселелерді шешуді және бастамаларды ілгерілетудегі сындарлы ұсыныстарды қолдауға дайынбыз және өзара тиімді ынтымақтастыққа үміттенеміз. Әр отандасымыздың пікірі – біз үшін өте маңызды!

«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының төрағасы Рашид Аюпов штаб мүшелерімен сайлауға әзірлік бойынша жиналыс өткізіп, жалпы қала бойынша 50 сайлау учаскесі әзірленгендігінен және тұрғындар өз сайлау учаскесін білуі үшін «109 – Бірыңғай байланыс орталығына» хабарласа алатындығынан құлағдар етті. Ескірген жәшіктердің жаңартылуы, тұрғындарының қайда және қалай дауыс беретіндігі жөніндегі нұсқаулықтар таратылуы мен ақпаратпен құлақтандыру жұмыстарын жалғастыру керектігі ерекше ескертілді.

«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының төрағасы Рашид Аюпов қалада 7710 мүгедек жандарға, 1008 мүгедек балаларға, мүгедек күтімімен айналысатын 1131 ата-анаға, жұмыссыз мәртебесін жоғалтпаған жұмыспен қамту шараларына тартылған 283 аса азаматқа әлеуметтік көмек төленгендігін айтып, сайлауға қатысу үшін мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық тиімді жағдайлардың жасалу қажеттігін айрықша тапсырды. Сонымен қатар, тұрғындар денсаулығына зардап тигізбеу мақсатында сайлаушылардың науқанға қатысар алдында ПТР-тест тапсыру қажеттігіне тоқталды.

## Нұрлы жер – гүлді келешек

Жарқын жоба әрі нақты істердің саяси ұйымы – «Nur Otan» партиясы – Түркістан облысындағы индустриялық аймақтарда, шамамен, 3,6 мың жаңа жұмыс орнын құратын 58 серпінді инвестициялық жобаны іске асыруға тиімді ықпал ете отырып, 2025 жылға дейін алдағы күндерге 124,9 мың жаңа жұмыс орнын ашу міндетін қойды. Бұл жаңа жұмыс орындарының 67,5 мыңы тұрақты түрде болады.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша, 2019 жылы өңірімізде 111 нысан пайдалануға беріліп, 52,3 мың шаршы метрге 816 пәтер салынды. Күнгейлі келешекте, айталық, 2025 жылға дейін 15064 пәтер, 793,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып, үй деңгейі бір тұрғынға шаққанда 22 мың шаршы метрге жетіп, тұрғын үймен 15 мың отбасы қамтамасыз етілу көзделіп отыр.

Отандық өнімнің үлесін арттыру мақсатында аймағымызда «Бизнестің жаңа жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы жыл сайын 300-ден астам кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жылда 200-ге дейін микронесие қаржысын бөліп, 150-ден аса жобаға субсидия беруді жобаға енгізді. Ал, «Қарапайым заттарды үнемдеу» бағдарламасы жыл бойына кемінде тұтыну тауарларын өндіретін 15 кәсіпорынды қолдап, өңірдегі орташа жалақы мөлшерін 149,4 мың теңгеге дейін жеткізуге ықпал етуді мұрат тұтты.

Күл-қоқыспенқалдықтардықайтаөңдеужәнекәдегежарату үлесі 28 пайызға дейін арттырылса, Түркістан қаласының көгалдандыру аймағын 7700 гектарға ұлғаюға қол жетіп, облыс орталығында ауа сапасына қосымша 2 автоматтандырылған стационарлық бақылау станцияларын орнатуға ықпал ететін болады. Мұның өзі қоршаған ортаның тазалығын, жерлестеріміздің өмір сүру сапасының жақсаруы үшін әрбір тұрғынның таза суға, ауаға және сапалы жолдарға қол жетімді болуын қамтамасыз етіп, экологиялық таза ахуалды қолдауға бағытталған «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Текті мекен», «Ауыл – ел бесігі» жобаларын жүзеге асыруға өз үлесін қосады.



## «Қарты бардың – қазынасы бар»

Өркениет дамуының ықпалымен біздің күнделікті өмірімізге де жаңа сөздер мен тіркестер көптеп енуде. Мәселен, соңғы кезде жиі құлаққа шалынатын «канвассинг дегеніміз – ауызекі ашық әңгіме барысында жақтастарды анықтау, табу, иландыру, үгіттеу, насихаттау және сендіру» деген мағынаны білдіреді. Кейбір жағдайларда канвассинг әдісі бойынша, танымал тұлғалар және ықпалды адамдармен от басы, ошақ қасында немесе жұмыс орнында, болмаса табиғат аясында жолығып, әңгіме-дүкен құруға да болады. Ал, үлкенді сыйлап, құрмет көрсету – біздің ата-бабадан жалғасқан жарасымды салтымыз. Өмірлік тәжірибелері мол қарияларымыздың ақыл-кеңестері мен тәлімтағылымдарының бағасы аса қымбат. Түркістан қаласының «Nur Otan» партиясынан мәслихат депутаттығына үміткерлер тобы шаһарымыздың шарапатты да марапатты тұрғындары Асылбек Мақұлбекұлы Таңғатаров пен Саракүл Еркінбекқызы Таңғатарованың шаңырағына ат басын тіреді. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» демекші, ақсақалды атамыз бен ақжаулықты анамыз үкілі үміткерлердің мақсат-мұраттарын мұқият тыңдап, жеке өмір һәм төл тағдырларынан маңызды мысалдар келтіріп, емен-жарқын әңгіме құрды.




«Nur Otan» партиясының қаладағы қамқорлыққа зәру адамдар үшін кедергісіз орта құруға ерекше көңіл бөліп, «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» жобалары арқылы көпбалалы және әлеуметтік ахуалы аз қамтылған отбасыларды қолдауға бағытталған баянды бастамаларына Асылбек ата мен Саракүл әжеміз риза көңіл, алғыс пейіл білдіріп: «Асыл аманатымыз – еркін еліміздің, жайсаң жұртымыздың болашағы! Елдің іргесін мықтап ұстаңдар!» – деген ақжарма тілек, ақ баталарын берді.

## Бесіктен басталатын береке

Қазақтың тәрбиесі – талбесіктен бастау алады. Ұрпағын қайырымдылық пен қамқорлыққа ұлықтаған ұлтымыздың салиқалы салт-дәстүрінің тамыры тереңде. «Nur Otan» партиясынан Түркістан қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Мәди Аманжолдың Шавгар шағын ауданының тұрғындарымен жүздесуі «Есіктен – есікке» бастамасы аясында өткізілді. Күллі халықтың қамын күйттеп, әсіресе, әлеуметтік ахуалы әлсіз топтардың мүддесін қорғау арқылы билік пен халықтың арасындағы байланыстырушы алтын көпір рөлін атқаратын бұл бастама:

– мүгедек адамдарға өздерінің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, онлайн режимде көмекші құралдар мен әлеуметтік қызметтерді алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтердің бірыңғай порталын енгізуге;

– әлеуметтік бағдарламалар аясында жыл сайын дағдарыстағы 150-ден астам адамға (оның 60%-дан астамы аналар) көмек көрсетуге;

– «Taiqazan» қайырымдылық дүкені арқылы 1000-нан аса адамды киім мен азық-түліктер, қыстық отынмен қамтамасыз етуге;

– жыл сайын ерекше қажеттіліктері бар адамдарды мүгедектер арбасымен, протездік бұйымдармен, тифлотехникалық құралдармен және курорттық еммен қамтамасыз етуге бағытталаған.





## Біз біргеміз – сөгілмейді іргеміз!

Елдің еңсесін езген әлемдік індет – пандемия халықтың іскерлік белсенділіктің төмендеуімен бірге экономиканың күллі салаларының даму үрдісін тежеді.

Түркістан облысының Түркістан қаласы бойынша «Nur Otan» партиясы қабылдаған сайлауалды бағдарламадағы ДАМУДЫҢ ЖЕТІ БАСЫМДЫҚТАРЫ қатарында «Әлеуметтік қызметке бағдарланған қала» жобасы алдыңғы қатарда.

Сондықтан, «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына үміткер Мақсат Таңғатаров қалың жұртшылықты қамтуға тиіс жобаның басты міндеттері ретінде: індеттің салдарынан кірістерін уақытша жоғалтқан 37893 мыңнан астам азаматқа 42500 теңгеден әлеуметтік төлемдер төленгендігін; 10 мыңнан астам аз қамтамасыз етілген отбасыларға «Бізбіргеміз» қоғамдық қорынан 50 мың теңге берілгендігін; мемлекеттің 10 мыңнан астам азаматтың коммуналдық шығындарын өтегендігін; 9910 бала кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз етілгендігін; «Түркістан біргеміз» волонтерлық тобы құрылып, 43540 әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға тұрмысқа қажетті азық-түлік себеті үлестіріліп, 650 отбасыға қажетті дәрі-дәрмектер жеткізілуімен қатар, 20 мыңнан астам медициналық бетперде мен антисептик таратылғандығын; 2020 жылы 4250 адамды қоғамдық жұмыстарға жолдау, кәсіптік оқуға 198 адам, 540 адамды жастар тәжірибесіне, 250 адамға жаңа бизнес идеяларды іске асыруға гранттар бөлінгендігін; «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында 105 инвестициялық жобаларды іске асыруға 80227,0 млрд. теңге бөлініп, 10371 жұмыс орындары ашылғандығын; мүлік және табыс салықтарынан 798 салық төлеушінің босатылғандығын; 14 коммуналдық мекемелердің жалға алу төлемдері 3 айға тоқтатылғандығын; Төтенше жағдай кезінде несие бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге мораторий жарияланғандығын атап өтіп, қиындықтардың оң шешімі табылатындығына айрықша тоқталды.

Түркістан қаласы бойынша «Nur Otan» партиясының мәслихатқа үміткерлері еліміздегі сайлауға байланысты насихаттау жұмыстарын қарқынды жүргізіп, жұртшылықпен жүздесулерде тұрмыстағы ең өзекті, түйінді түйіткілдердің күрмеуін шешуге күш салуда.

## Шамнан – шырақ жағылар...

Түркістан қаласы тұрғындарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін «Nur Otan» партиясы электрмен жабдықтау желілерін жаңартып, жаңадан тартып, мейлінше толыққанды қамтамасыз етуге ықпал етеді. Айталық, 2021 жылға газбен қамту бойынша өтпелі 2 нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, тұрғындарға газ жеткізу толығымен аяқталады.

Түркістан қалалық мәслихатына «Nur Otan» партиясынан үміткер Тәжібек Мұсаев қоғамдық қабылдау бөлмесінде оннан аса азаматтарды қабылдап, халықты көгілдір отын – газбен және жарықпен (электер жүйесі) қамтамасыз ету мәселелері бойынша, Түркістан қаласында 2022 жылы «Қызылорда тас жолы» бойында қуаты 2х25 МВт 110 кВ электр желісі қосылып, 110/35/10 кВ «Солтүстік» қосалқы бекетінің құрылысын аяқтау және






## Белсенді төраға – ел сенген тұлға

Түркістан қаласы әкімі, «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының төрағасы Рашид Аюпов 10 қаңтарда өтетін партиялық сайлауға дайындық жұмыстарын жіті бақылап, қалалық Сайлау комиссиясының төрағасымен бірге сайлауалды учаскелерін аралады.

Мұқым түрік баласының рухани астанасының басшысы Түркістан қаласының – жер бетіндегі ең қауіпсіз шаһар болатындығына тоқтала келіп: ««Қауіпсіз қала» жобасының алғашқы қадамы ретінде қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 200 бейнекамералар, қоғамдық орындар мен көшелерге 5 мың бейнебақылау камералары орнатылды, ал, 2021-2025 жылдар аралығында қаланың көшелеріне 26,9 мың диодты шамдар, оның ішінде: 2021 жылы «Бекзат» және «Отырар» мөлтек аудандарының көшелерінде 8,6 мың; 2022 жылы «Сауран» және «Иасы» мөлтек аудандарының көшелерінде 8,6 мың; 2023 жылы «Шауғар» мөлтек ауданының көшелерінде 9,7 мың данасы қойылады» – деді.

Рашид Аюпов жалғасын тауып жатқан үгіт-насихат жұмыстары туралы бірқатар ескертулер айтып, өзгерістер енгізу қажет екендігіне назар аударды. Түркістандықтардың өмір сүру сапасын жақсартып, жайлылық қалыптастыру үшін «Қауіпсіз қала», «Түнгі қала», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Көше», «Балалар түнгі қалада», «Жасөспірім» секілді серпінді шараларды өткізіп, бейнебақылау жүйесін дамыту, қаладағы 27,5 шақырым электрмен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту үшін электр желісін салудың 5 нысанының құрылысы, сонымен қатар, сарқынды су жүйесімен толық қамтамасыз ететін 14 нысанның құрылысы жоспарланып; жалпы газ және жарық мәселелерінің толық шешімін табатындығына сендірді. Кездесу барысында көтерілген көкейкесті уәждер партия тарапынан назарға алынып, оңтайлы шешім қабылдау шаралары қарастырылады.

## Әділдік партиясының әдебі

«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына үміткерлері халықтың қалың тобымен мейлінше ашық сұқбаттар құрып, мемлекеттің болашағының берік тұғыры – қоғамдағы адамдардың құқықтарының қорғалып, әділдік ұстанымдарының сақталу екендігіне ерекше көңіл бөлді.

Ортақ мүдделерімен біріккен азаматтардың белсенділігін арттыру үшін «Nur Otan» партиясы: 2025 жылға қарай «Бір терезе» қағидаты бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді 100 пайызға және электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтерді 95 пайызға жеткізіп, өңірдегі білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдікті жою үшін «smart.nation» порталы арқылы балаларды балабақшаға, мектепке, білім саласы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шараларын толық автоматтандыруға көшіреді.

Мұның өзі қаланың табысты дамуының негізгі кепілі ғана емес, әділдік партиясы – «Nur Otan»-ның үлгілі әдебінің айқын көрінісі болып табылады.



көшелерді жарықтандыру, жұмыссыздықты төмендету, қылмыспен тиімді күресу – Түркістан тұрғындарының өздерін қауіпсіз сезінетін алғышарттары болатындығын атап өтті.

## Ауқатты елдің әлеуеті

Мемлекеттің әлеуетінің мықтылығы, көбіне өнеркәсіптің ырғақты дамуына тікелей байланысты болатындықтан, отандық өндірушілерді қолдап, бәсекеге қабілетті және импортты алмастыратын өнімдер шығаратын жаңа өндірістер ашуға ықпал етуді – «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасының басымдықтарына жатқызды.

Аталған мүдде, маңызды мақсаттың ахуалымен танысу үшін «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына үміткерлер қаладағы жеке кәсіпкер «Акешов Бабур» құрылыс дүкеніне арнайы барып, жиылған жұртшылыққа алдағы сайлау науқанының маңыздылығы түсіндіріп, елдің басты саяси күші – «Nur Otan» партиясының алға қойған мақсаттарын және бағдарламаларын баяндады.

Түркістан қалалық бөлімшесі отандық өндірушілерді қолдау арқылы өнеркәсіпті дамыту мақсатымен: жылына 1800 тонна құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін цех ашуға; жылына 150 мың м3 газоблок, 900 мың дана қап құрғақ құрылыс қоспалары мен 900 мың дана сулыдисперсионды бояу шығаратын зауыт салуға; жылына 200 мың тонна асфальт-бетон және 30 мың тонна бетон қоспаларын өндіретін цех ашуға; жылына 600 мың тонна асфальт, 150 мың м3 тауарлы бетон өндіретін зауыт салуға; жылына 300 тонна шарнирлы және 3D торлар өндіретін цех ашуға; жылына 1,2 млн. дана монтаждау пена, 500 мың дана силикон, 200 мың дана мастика өндіретін цех ашуға; жылына 92 мың м3 темір-бетон бұйымдарын өндіретін зауыт салуға; жылына 350 мың тонна асфальт-бетон, 36 мың м3 темір-бетон және 20 мың м3 газоблок өндіретін зауыт салуға; жылына алюминий бұйымдары 660 мың. п.м, 7 мың дана жабын плиталар, 7 мың дана бағаналар, 10 мың м3 темір-бетон өндіретін зауыт салуға ниеттеніп отырған орасан жоба-жоспарлар құрды.

Жеке кәсіпкер «Акешов Бабур» құрылыс дүкеніне жиналған көпшілік көкейіндегі сауалдарына нақты жауаптар алып, партияның үгіт-насихаттық парақшаларының көбірек таратылуына атсалысты.

## Тағдыры мәртебелі шаһар

Жас шағындағы ерен бейнетінің – егде кезінде кемел зейнетін көрген аға буын ұрпаққа игілік пен ізгіліктің, пайым мен парасаттың үлгісін көрсетумен келеді. Түркістан облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарылқасын Әзіретбергенов ағамыздың отбасында бас қосқан «Nur Otan» партиясының қалалық мәслихатқа үміткері Ғалымжан Нұрманұлы Бимырзаев айбынды еліміздің, рухы асқақ болып өсіп-жетілуіне үлкендердің қосқан үлестері мен еңбектерінің ерен екендігін тіліне тиек ете отырып, Түркістан қаласының тарихы бай, мәдениеті маңызды шаһар болуының – тағдырына жазылған мәртебе екендігін еске салды.

Айтулы қаланың мәдени-рухани орталығын жаңадан дамытуда 5 нысан (Амфитеатр, Музыкалық су бұрқақ, Неке сарайы, Шығыс моншасы, Қабылдау орталығы) салынғандығын мәлімдеген «Nur Otan» партиясының қалалық бөлімшесі 2025 жылға бағытталған мерзімде: қаланың қасиетті және тарихи (Ахмет Иасауи



мен Рабиа Сұлтан Бегім кесенелері, Цитадель бекініс қабырғасы, Қылует жерасты мешіті, Құмшық ата, Гаухар ана) жерлеріне өлкетану экспедицияларын ұйымдастыру және киелі орындарды абаттандыру; Күлтөбе қалашығын қалпына келтіру; Түркістан қаласының аса көрнекті тумалары мен тарихи мұраларын танымал ету жөніндегі жобаларды (С.Қожанов, Н.Төреқұлов, С.Ерубаев, М.Пошанов, А.Усенов, Ә.Нұрмаханов, О.Жарылқапов, Б.Саттарханов) іске асыру; Драма театр мен Опера және балет театры құрылыстарын аяқтау міндеттерін партияның «Бақытты отбасы» партиялық жобасы шеңберінде іске асыруға бел шешіп кірісіп кетті.

## «Керуен сарай» – келешектің күнгейлі кешені

«Керуен сарай» сауда орталық кешені – Түркістан қаласындағы маңызды нысандардың бірі. Көрнекті кешенде жеке кәсіпкерлердің жұмыс істеуіне жан-жақты қолайлы жағдайлар жасалған. «Nur Otan» партиясының кандидаттары сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жалғастырып, Түркістан қаласында орналасқан «Керуен сарай» сауда орталық кешенінде жеке кәсіпкерлермен кездесті.

Нұротандық үміткерлер өңірде тиімді инвестициялау, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру, жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, өндірісті әртараптандыру және заманауи қондырғылармен және тиімділігі жоғары технологиялармен жабдықтау арқылы дамыған агроөнеркәсіптік кешен құру жұмыстарының жалғасын тауып, қаладағы азық-түлік қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мен кәсіпкер-фермерлерге барынша қолдау көрсету үшін «Nur Otan» партиясы: 2025 жылға дейін әрқайсысы 100 мың тоннаға дейін сақтау мүмкіндігі мен көтерме тарату орталығының құрылысын жүргізуді; қаладағы сауда үйлерінде азық-түлік бағаларының шектен тыс көтеріліп, жоғары болмауын қадағалауды; тұрақты сатып алу мен сату жүйесін құру, оқытуды бастау және қатысушылардың ауылшаруашылық кәсіптілігін арттыруға ықпал етуді, сайып келгенде, алдағы бес жыл




ішінде қалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орындар ашылып, шағын және орта кәсіпорынға барынша қолдау көрсетуді басты мақсаттарының қатарына жатқызғандығына мәлім етті.

## Елдің мұңын естуші партия

Түркістан қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Тамара Меңдібаева партияның кезекті қоғамдық қабылдауына келген азаматтарға тиісті кеңестер беріп, басым бағыттар жайлы кең әңгімелеп берді. Бүгінде қала тұрғындарын мазалаған маңызды мәселелер баршылық. Әдетте, жұртшылық көкейкесті түйіндерінің шешуін Президент Қ-Ж.Тоқаев «Елдің мұңын естуші мемлекет» деп атаған билік өкілдері мен «Nur Otan» партиясынан іздейді.

Жарқын болашаққа нық сеніммен қадамдаған ықпалды саяси ұйым – «Nur Otan» партиясы Түркістан қаласын дамытудың 7 басым бағытына шаһардың мәдени-рухани орталығында жаңадан 5 нысан ашып, қасиетті және тарихи орындары абаттандыруды қосты. Партия үміткері Тамара Меңдібаева қалың елді «Nur Otan» партиясына сенім білдіріп, дауыс беруге шақырды.

## Қымбат қадір, лайықты құрмет

Түркістан қаласының әкімі, «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық бөлімшесінің төрағасы Рашид Абатұлы Аюпов Тәуелсіздіктің тұрлаулы мейрамы аясында қаланың тұрғындары мен мәслихат депутаттарына құрмет көрсетіп, құттықтады.

Қалалық мәслихаттың үздік депутаттары Ғаппар Сәрсенбаевты «Үздік мәслихат хатшысы», Ержан Мұстапаевты «Үздік мәслихат депутаты», Айдос Абпазовты «Халық алғысы» мерекелік медалімен марапаттаған басшы: «Сіздердің оң шешімдеріңіздің арқасында қаламыздың дамуында да ілгерілеу байқалады. Осындай істеріңіз бен жанашырлықтарыңызға алғысымды білдіремін. Алдағы істеріңізге табыс, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!» – деп, ыстық ілтипат көрсетті.

Түркістан қаласының дамуына өзіндік үлес қосып, «Қалаға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін кеудесіне таққан «Әйелдер алқасының» төрайымы Ұлжан Мұстафаева, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің профессоры, журналист Бекжігіт Сердәлі, Түркістан қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы Нығмет Ахметұлы және басқа да азаматтар – «Nur Otan» партиясының – көшбасшы ретінде мемлекетіміздің даму жолындағы стратегиялық бастамаларының негізгі тірегіне айналғандығын мойындап, аса жауапты сайлау науқанында «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырып, болашақты бірге құруға ниеттерін білдірді.

## Қуатты бағыт, шуақты жол

«Nur Otan» партиясының басты бағыт, мүдделі мұраты – халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету. Осы себепті, «Nur Otan» – ақты істер партиясына айналды. Қиындықтарды еңсерген нұротандықтар әлемдік індет теңселген қиын-қыстау кезеңде де есенгіреген жұртқа қолдаушылық көрсетті.

Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына үміткер-нұротандықтар Шолпан Маратқызы, Инара Намазбаева, Айгүл Тілепова, Сәкен Ханділляев әрбір азамат бей-жай қарауға болмайтын, мемлекетті маңызды өзгерістерге бастайтын сайлау шарасының маңыздылығының үгіт-насихат жұмыстары барлық мәселелерді назарға алып, халыққа тиісті көмек көрсетілетіндігін жеткізді. Канвассинг әдісінің сайлаушылардың жеке көзқарастарын қалыптастыратындығы және үгіт-насихат үнқағаздарын тарату ісіндегі ерікті жастардың қомақты үлестері тілге тиек етілді.

## «Есіктен – есікке» – несібе-нәсіпке

Жетекші партияның басты құндылығы – адам, демек, қандай ауырлық пен қиындықтың дұрыс та оңтайлы шешімі – жанашырлық сезім мен мұқтажға көмек қолын созу.

Түркістан қалалық мәслихат депутаттығына «Nur Otan» партиясынан үміткерлер Жамила Төреханқызы Сүлейменова мен Ақиқат Абдуллаев қала үйлерін ара-



лап, «Есіктен – есікке» акциясы аясында сайлаушылармен кездесті. Дәп осы бағытта мәслихат депутаттығына үміткерлер Шолпан Маратқызы, Мәди Аманжол, Инара Намазбаева аудан тұрғындарына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің кең жайылып, терең тамырлануы – сөз жоқ, атамекенімізде бақытты да бақуатты өмір кешуіміздің кепілі. Мәселен, әр отбасына жаңа тұрғын үй құрылысын қолжетімді болуын белсенді қолдайтын мемлекет, дәлірек айтқанда, Түркістан қаласының әкімшілігі жастарға және азаматтардың әлеуметтік осал топтарына жеке инвестицияларды тарту есебінен 2025 жылы бір адамға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейін 25,8 шаршы метрге жеткізіп, көпқабатты 10510 пәтерлі 181 тұрғын үйдің (850 мың м3 ) құрылысын салуды жоспарға енгізді.

Халықтың жағдайын түсініп, әр азаматтың мүддесі үшін жұмыс жасайтын партияның игі істеріне ризашылықтарын айтқан түркістандықтар үлкен сенім көрсетіп, алғыстарын білдірді.

## Канвассинг – нақты іс, мықты сенім

Қазақтың бүгінгі қазыналы қариясы – кешегі майдангер, елде еңбек еткен аталарымыз бен ағаларымыз, әжелеріміз бен аналарымыз. «Ардақты ер» сөзінен туындаған қадірменді ардагерлеріміздің жүріп өткен жолы – бүгінгі қоғамға үлгі-өнеге саналып, әрбір сөзінде ұлттық сезім, адамгершілік пен адалдық, жауапкершілік пен ізгілік тұнып тұр.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын насихаттау мақсатымен мәслихат депутаттығына үміткер Сандуғаш Рүстемова – Түркістан қаласының «Құрметті азаматы», «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, құрметті де тәжірибелі ұстаз-педагог Жарқынбек Құлбайымбетов атамыздың шаңырағына; ал, мәслихат депутаттығына бір топ үміткерлер – Түркістан қаласының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, «Қоғамдық келісім» кеңесінің төрағасы Абдіхан Әбдікәрімов қарияның үйіне келді. Құтты қос дастарханның басында елдің нақты ахуалы мен негізгі партияның игі істері сөз болды.



***

«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына келесі үміткерлер тобы Айгүл Тілепова мен Жәмила Төреханқызы Сүлейменова сайлауалды бағдарламасын насихаттау мақсатында жазушы-драматург Елтай Бимахамбетұлы мен майдангер Әбдіжаппар Дайрабаевтардың отбасыларына барды.

Жазушы – жақсылықтың жаршысы, яғни, әрбір сөздің жауапкершілігі аса салмақты әрі адамды жақсылыққа үндеп тұруы керек. Уақыт зымырап өткен сайын сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары алыстап бара жатқанымен, от кешіп, кеудесін оққа тосқан бабаларымыздың ерліктері ұмытылмауға тиіс.

Канвассинг әдісінің – нақты іс, мықты сенім екендігін айқын дәлелдеген жылы жүздесуді ауған соғысы ардагерлерімен нұротандық мәслихат үміткерлері Сүлеймен Тұрсынбайұлы Арыстанов, Дарын Жаппарқұлов, Алтынбек Тұрлыбиұлы Кенжалиев, Шолпан Маратқызы өткізді.

Жас буынның тәрбиешісі саналып, айнасына айналған құрметті ардагерлер облыс орталығына айналғалы бері мол мүмкіндіктер пайда болған Түркістан қаласының даму қарқынына көңілдері толып, «Nur Otan» партиясының атқарған жасампаз жұмыстарына оң бағаларын берді.

***

«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының қабылдау бөлімінде қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Рая Ибадуллаева мен Алтынбек Кенжалиев қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың өтініштері оффлайн және онлайн форматары да қатар қаралды. Қабылдауға Түркістан қаласының 16

азаматы келді, оның ішінде, 9 азамат онлайн, 7 азамат офлайн түрінде мәселелерін жеткізді.

Халыққа жақын партия үміткерлері сайлаушылардың сенімдерін ақтау мақсатында нақты шешімдер қабылдады.

***

«Nur Otan» партиясының мүшелерінің қалалық маслихат депутаттығына үміткер азаматтары Түркістан қалалық жылу басқармасының жұмыс барысымен танысты. Бірінші кезекте мекеме қызметкерлерінің тыныстіршілігінің нақты жағдайы мен жоспарланған жобалар қарастырылды.

Көкейіндегі сұрақтардың жауаптары мен шешімдерін тапқан тұрғындар бұйымтайларының ескерусіз қалмағанына дән риза болды.

***



«Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының мәслихат депутаттығына үміткерлер Тәжібек Қалмақанұлы, Мақсат Таңғатаров, Ғалымжан Нұрманұлы Бимурзаев – «Nur Otan» партиясының қалалық бағдарламасын таныстырып, «Қайырымдыдан – қасиетті із қалады» демекші, түйіні таза, иіні мықты сөз – жүрекке жететіндігін айтып, «Басты міндет – болашақ ұрпақты отанын сүюге, елі мен жерін қорғауға тәрбиелеу» деді.

Қала тұрғындары нұротандықтардан қаланың жарықтандыру, жылу, су, жолмәселесін қатаң бақылауға алу қажеттігін сұрады. Өз кезегінде жетекші партия өкілдері бүгінге дейін Түркістан қаласының орталықтандырылған ауыз су жүйесімен 97,3 пайыз тұрғындары қамтамасыз етілгенімен, жақында қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз ету үшін 2021 жылы қаладағы 3 аумақтағы (Төле Бәйтерекұлы, Сырғақ батыр және Н.Төреқұлов көшелері) 206 отбасына 10,8 шақырым таза ауыз су жүйелерінің құрылысы жүргізіліп, қала аумағына кәріз желілерін салып, сарқынды ағын сумен толық қамтылатындығына тоқталды.

Ақсақалдардың ақ батасын алып, қалың жұрттың үмітін үрлеген нұротандық үміткерлердің жылы жүздесулер үдерісі жалғасын табуда.

# Мылтықсыз майдан

«Ақпарат айдыны – мылтықсыз майдан» деген тұжырым – әсте бекер айтылмаған. Өйткені, бүгінгідей ақпарат технологиясы аса жылдам өркендеп, алдыңғы қатарға шыққан кезеңде «Төртінші биліктің» әлеуеті күшейіп, әл-қауқары күшейе түсуде. Сондықтан шығар, «Түркістан» мен «Түркистон» қалалық газеттерінің ұжымына «Nur Otan» партиясының қалалық маслихат депутаттығына үміткерлері Тәжібек Мұсаев, Ғаппар Сәрсенбай, Мақсат Таңғатаровтар арнайы келіп, үгіт-насихат жұмыстарының қыр-сырлары туралы сұқбат құрды.

Сайлауалды бағдарламасын насихаттау аясында сөз алған Тәжібек Мұсаев партияның атқарып жатқан жұмыстары бойынша кеңінен ақпарат беріп, алдағы уақытта жүзеге асырар қызметтері жайында тоқталып өтті. Қоғамның нағыз үні саналатын қаламгерлер қауымын сайлау науқанында белсенділік танытып, Елбасымыз тізгінін ұстаған саяси ұйым – «Nur Otan» партиясына қуатты қолдау көрсетуге шақырды.

## Ауені саудың – жаны сау

«Түркістан екі-үш жылдың ішінде жайнап, еңсесі көтеріліп, өсіп-өркендейтін болады» деген Елбасының сөзі ақиқатқа айналып келеді. Құрылыс қарқын алып, ел мақтанышына айналатын ірі елі нысандар бірі – жеручаскесінің жалпы ауданы – 8,3 га құрайтын, 7000 орыны бар, алаңның жалпы ауданы – 15660 м^2, оның ішінде, футбол алаңы – 7856 м^2, жүгіру жолдары – 7 804 м^(2 ) – «Түркістан Арена» стадионында «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын насихаттау мақсатымен Түркістан қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Тәжібек Мұсаев, Мақсат Таңғатаров, Дарын Жаппарқұлов, Нұрсұлтан Жүсіпбаев, Ғаппар Сәрсенбаев, Ғалымжан Құдияров кездесу өткізді.

Бас партия алдағы бес жылға арналған жоспарында ұлт денсаулығын нығайту мен халықты бұқаралық спортпен айналысуға бағыттап, қала тұрғындарының спорттық инфрақұрылымын кеңейтуді мақсат етеді. 2025 жылға қарай халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу деңгейін 65 пайызға жеткізуді көздеген «Nur Otan» партиясы: 021 жылда 7 мың орынға арналған стадион кешенінің, сондай-ақ дарынды балаларға арналған облыстық спорт мектеп-интернатының құрылысын; 2022 жылы Олимпиада резервін дайындайтын балалалар мен жөсөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебінің құрылысын; 2021 жылы жүзу бассейні, гимнастика кешені, теннис орталықтарының құрылыстарын аяқтауды жоспарлады.

Сөйтіп, 2025 жылға қарай халықтың спорт инфрақұрылымдарымен қамтамасыз етілу деңгейі 65 пайызға жетеді. «Nur Otan» – биік шыңдарға жетелейтін партия!



## Ұлықты ұйым, абыройлы адамдар...

Нағыз халықтық ұйым – «Nur Otan» партиясының Түркістан қаласының мәслихаты депутаттығына кандидаттар Аманжол Мәди, Ақиқат Абдуллаев, Сәкен Ханділлаев партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттау үшін «НҰР-строй» ЖШС мамандарымен кездесті.

Әңгіме барысында тұрғын үй, жер телімдеріне жеке баспана салу, пәтер кезегі тәрізді тұрмыстық һәм тағдырлы түйіндер сөз болды. Нұротандық үміткерлер қалада бес жылдың ішінде кезекте тұрған 10,5 мың отбасы баспанамен толық қамтамасыз етілу қажеттігі мен мүмкіндігінің толық іске асатындығына айтты.

Шындығында, «Nur Otan» партиясының Түркістан қалалық бөлімшесі: көппәтерлі тұрғын үй аудандары мен жеке тұрғын үй құрылысы аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын құруға және жайластыруға; тұрғын үйлерді салу және реконструкциялау, сондай-ақ жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушылар мен көпбалалы отбасылар үшін тұрғын үй сатып алуға; «7-20-25» және «5-10-20» бағдарламалары бойынша несиелік тұрғын үймен қамтамасыз ету жобасын одан әрі іске асыруға; 2025 жылға дейін Түркістан қаласында тұрғын үйлер үшін жер алу кезегінде тұрған тұрғындарға жер беру мәселесін шешуге; тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тартуға білек сыбана кірісіп, тіпті, жеке және коммерциялық тұрғын үй құрылысын жүргізуге ықпал ету мәселесін де жіті қарастырып отыр.

***

Жетекші партия үміткерлері Нұрсұлтан Үмбетұлы Жүсіпбаев және Аманжол Данаханұлы Мәдитұрғындарды қабылдап, негізінен, жылу құбырлары мен әлеуметтік жәрдемдер жайында кеңінен ақылдасты.

Түркістан қаласы мен қала аумағына кәріз желілерін салып, сарқынды ағын сумен қамтамасыз ету үшін 7 аймақ бойынша 11 жобаның құрылысын іске асыру арқылы «Отырар» ықшамауданының орамішілік кәріздік желісін салу (Жалпы құны – 2 млрд. 112 млн. теңге, Мердігер – «Азия Сервис-AS» ЖШС); «Тұран» тұрғын үй массивін сарқынды су жүйесімен қамтамасыз ету (Жалпы құны – 2 млрд. 435 млн. теңге. Мердігер – «Үшсай» ЖШС) көзделген. Сонымен қатар, 175,5 шақырым су жүйелері қайта жаңғыртылып (Иасы, Шауғар және Мақта зауытының шағын аудандарының су құбыры желілері), жерасты су құбырларының талапқа сәйкестендірілетін болады.

***

«Nur Otan» партиясының мәслихат депутаттығына үміткерлер Түркістан қаласындағы «Маржан» ЖШС-нің дәрігерлерімен және «Ертегілер әлемі» балабақшасының тәрбиешілерімен де жолығып, партияның 2025 жылға дейінгі бағдарламасын кеңінен және мейлінше толық таныстырды.

«Nur Otan» партиясы қазақстандық медицинаның жоғары стандартқа сай болуы мен әр азаматқа денсаулық сақтау саласындағы үздік тәжірибелерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қолдай отырып, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті күшейтуге; онлайн медицинаның дамуына; медициналық қызметкерлерді шетелге біліктілігін арттыру үшін жіберуге; медициналық тәжірибеге диагностика мен емдеудің жаңа, жоғары технологиялық әдістерін енгізуге; – медициналық ұйымдарды жоғары технологиялық жабдықтармен (жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге арналған нейрохирургиялық навигациялық жабдықтар, аудандық ауруханалар үшін өкпенің жасанды желдеткіш құрылғылары (IVL), қалалық аурухана үшін компьютерлік томограф, облыстық кардиологиялық орталық үшін ангиограф, III биологиялық қауіпсіздік класындағы ламинарлық шкаф, жабдықтар) қамтамасыз етуге; телеконсультациялар және орталық серверді KazNIIOiR негізінде орналастырумен RAKS жүйесіне енгізуге; қалада адамдарға алғашқы медициналық көмекті барынша жақындату: ауылдық медицинаны материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, шалғай ауылдарда тұратын



ауыл тұрғындары үшін дәрі-дәрмекке қол жеткізу мәселелерін шешу, сырқаттанушылық пен өлім-жітімді азайтуға; қалада орналасқан дәріханалардағы дәрі-дәрмек бағаларының шектен тыс көтеріліп, жоғары болмауын қадағалауға бар күш-жігерін жұмсайтын болады. 2025 жылға қарай түркістандықтардың өмір сүру ұзақтығын 73,6 жастан асыра ұзарту мақсат етіледі.

«Nur Otan» партиясы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан үлесін қосып келеді. Бұл – әрбір азаматтың келешегінің кемел болуына салынған



баспалдақ іспетті. Әсіресе, сайлауалды бағдарламасымен кеңірек таныстырған нұротандықтар медицина мамандарымен жүздесіп, қиындықты еңсеріп, жеңіске жету тәжірибесі мол –ақ халатты абзал жандарды «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды.

## Әл-ауқаттың арқауы

Көне қаламыздың көрікті орындарының қатарындағы «GRAND MIKS» жиһаз шеберханасының есігін бас партияның қала мәслихатына үміткерлері Дарын Жаппарқұлов, Нұрсұлтан Жүсіпаев, Худияров Ғалымжан аштық. Шеберхананың көпшіліктің көңілінен шыққан жұмыс сапасына жоғары баға берілді. Ел игілігіне айналған кәсіби нысанның ертеңге қосар үлесі қомақты.

Осы халықтық партия үміткерлері өз жұмысын 2017 жылы бастаған келесі бір шеберлердің ордасы – «CORDIAL» жиһаз орталығына да ат басын бұрды. Қазіргі орталықта жылына 1200-ге жуық жиһаз жасалып шығарылады.

Әдемі жиһаз, әсем бұйымдар жасау ісіне мүмкіндігі шектеулі жандарды тартудың тәсілдері қарастырылып, әрбір отандасымыздың жекелеген өмірінде өсіп-өркендеуіне көңіл бөлінді.

«Nur Otan» – қарқынды даму мен екпінді өркендеуді мақсат еткен партия болғандықтан, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыссыз және өнімсіз өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматқа жыл сайын 95 стартап гранттар мен 205 несие алуына жағдай жасап, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен 9 жаңа жобаны несиелендіруді жолға қойды.

***

Табиғи мүмкіндіктерді барынша оңтайлы қолданудың жолдарын таңдаған «Nur Otan» халықтық партиясының Түркістан қалалық мәслихат кандидаттары Дарын Жаппарқұлов, Нұрсұлтан Жүсіпаев, Ғалымжан Худияровтар Индустриалдық аймаққа арнайы шақырылды.

«Экономика мен өңірлердің тұрақты дамуы» бағыты туралы кеңінен пікірталастар ұйымдастырылып, өзекті де өткір мәселелердің қатарында қаржыландыру орталықтары арқылы 20 жобаны (жыл сайын 18-ден аса) несиелендіруге ықпал ету; мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде «Бастау-Бизнес», «Бизнес Кеңесші» курсымен жыл сайын 100-ден аса азаматты өз кәсібін ашуға оқыту; осындай орайлы шаруалардың нәтижесінде 2025 жылы жұмыс істеп тұрған шағын және орта 7 кәсіпкерлік нысандарының үлесі 96 пайызға жетіп, кәсіпкерлер саны 13 мыңға, жұмыскерлер саны 30 мыңға арттырылу қажеттігі қалалық партия бағдарламасында жобаланып-жоспарланғандығы айтылды.

Сайлау науқанындағы белсенділікке шақырған үміткерлер барлық саланы дұрыс бағытқа жетелей білетін партияға таңдау жасаудың – жасампаздығын атап өтті.

## Жастық жалын

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының ұйымдастыруымен мәслихат үміткерлері Дарын Жаппарқұлов, Базарбай Мұсабеков, Нұрсұлтан Жүсіпбаев, Жансерік Жұман мемлекеттік Туымызды дәріптеу шараларына қатысты.

Үміткерлер тәуелсіздік жолында құрбан болғандар мен егемендігіміз үшін күрескендерді еске алып, 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында Алматының Бас алаңында ел мен ұрпақ болашағы үшін ең қымбат өмірін қиған азаматтардың рухының құрметіне гүл шоқтарын қойды. Мұндай маңызды да мағыналы іс-шаралар – қазақ жастарының елшілдік сезімін оятып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздігінің қадірі мен бағасын сезіндіреді.

Тұрғылықты жастарының саны 37,4 мыңнан асатын түрік баласының рухани астанасы – Түркістан қаласы – жарқыраған жастар шаһары. Қазір студент жастарды жатын орынмен қамтамасыз ету мақсатында 2 жатақхана құрылысы басталып, «Жас кәсіпкер» жастар бизнес-бастамасының бағдарламаларын іске асыруға және жыл сайын кемінде 250 грант беру арқылы жастардың өзінің бизнесін ашуына мүмкіндік туғызылды.

***

Еліміздің стратегиялық бағытының қозғалтқыш күші – жастар – біздің болашағымыз. Сондықтан «Nur

Otan» партиясының қалалық мәслихатқа үміткерлері «Jas Otan» жастар қанаты ұйымымен бірлесіп, қаладағы жастардың жұмыссыздық деңгейін 3,5 пайызға төмендету әдістерін қарастырды.

Қарқынды жұмыс, қомақты көмектің арқасында қаладағы жаңадан іске қосылатын өнеркәсіп кәсіпорындарымен және ұйымдарымен меморандум жасау арқылы 1,8 мың жұмыссыз жасты жұмыспен қамтуға, «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 1,5 мың жасты жұмысқа тартуға, құрамында 900-ден астам еріктілер мен белсенділер жұмыс істейтін 21 еріктілер ұйымдары қызметін жандандыруға, «ASAR», «Түркістан қайырымды жандары», «Жүрек жылуы», «Иасауи еріктілері», «Лига волонтеров», «Жомарт жандар» ерікті топтары қайырымдылық, тазалық, донорлық жұмыстарын тұрақты жүргізуге болады.

## Үгіт жолы – үміт жолы

Елдің ерік-жегері мен таңдауының кірпіші қаланатын кез келген сайлаудың халқымыз үшін маңызы зор. «Nur Otan» партиясының Республикалық штабының мүшелері: парламент Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Ерман, белгілі сықақшы, журналист Көпен Әмірбек, Түркістан облыстық Мәслихатының депутаты Өмірзақ Мелдеханов Түркістан қаласына келіп, шаһар тұрғындарымен партияның мақсаты мен алдағы сайлау науқанына әзірлік барысымен ой бөлісті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдениет үйінде жастар мен аға буын өкілдер арасында ашық әңгіме жүріп, жастар толғандырған сауалдары мен ұсыныстарына тұшымды жауаптар алды.

Түркістан қаласының «Сапар орталығында» қаладағы қоғамдық ұйым төрағалары, соғыс ардагерлері мен желтоқсан қаһармандары отаншылдық пен елшілдік ұстанымдары, баланың инабат тағылымымен ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтауы мәселелерінің орны бөлек екендігі айтылды.

***

Түркістан қалалық мәслихатына «Nur Otan» партиясынан үміткер Сүлеймен Тұрсынбайұлы Арыстанов қаладағы Нысанбаев көшесіндегі әр тұрғынның үйіне жекежеке кіріп, ой-пікірлерін мұқият тыңдады.

Облыс орталығына айналғалы бері түркістандықтар үшін мол мүмкіндіктер пайда болғаны назардан тыс қалмай, жеке бастық және тұрмыстық даму мен жандануың жақсы әрі жылдам үрдістеріне жол ашылғандығы сөз болды.

Пікірлері мен ойларын еркін айтқан тұрғындар «Nur Otan» партиясының жөнжоспарлары пысықталған игі істерінің ауыз толтырарлық екендігін және алдағы уақытқа жасалған жоспарларының да ауқымдылығын ескеріп, кез келген қиындықты елдің басты саяси ұйымымен бірге еңсеріп, жеңіске бірге жететіндіктеріне сенім білдірді.

***

Атаулы партияның үміткерлері Ғаппар Сәрсенбаев, Дәурен Тәңірбергенов, Мәди Аманжол үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатымен Түркістан облыстық Денешынықтыру және спорт басқармасына қарасты спорт саласының өкілдерімен, атап айтқанда, «Әбдісалан Нұрмаханов атындағы Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі», «Облыстық дәрігерлік-дене тәрбиесі диспансері», «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» ұжымдарымен кездесу ұйымдастырды. Түркістан тұрғындарының үмітін ақтау үшін, барлық топтағы халықтың мүддесін білдіру үшін, халық пен билік арасындағы байланыстырушы буын болу үшін барлық шаралардың қабылданатындығы айтылды.

Жасыратыны жоқ, қашанда үгіт жолы – үміт жолы болып табылады. «Nur Otan» партиясы игі істері мен болашақта атқарылатын жұмыстарын сайлауалды үгіт-насихат шараларында мейлінше қарқынды жүргізуге тырысуда. Әл-ауқатты қоғам құру мен қолайлы өмір сүру – әрбіріміздің ұстанымымызға айналуға тиіс.

Қаланы технологиялық өрлеу орталығына айналдыру мен жастардың қолайлы өмір сүру жағдайын жасауға бағытталған Түркістан қаласын дамыту бағдарламасы – ұлтымыздың ұйысуын, еліміздің гүлдеп-өрлеуін, халқымыздың ынтымағын, әрбір адамның әл-ауқатының жақсаруын көздейтін болады. Сондықтан, сайлаушылардан қолдау көрсетуді сұрап, дұрыс таңдау жасау арқылы мәслихат сайлауында «Nur Otan» партиясын қолдауға нық сеніммен шақырамыз.

Турасында, «Nur Otan» – қалың елдің ерен партиясы. Біз сын-қатерлерді бірігіп жеңіп, бәтуа-бірлікпен бірге жеңіске жетеміз!



# Ғажайып жан



## ЕЛІН СҮЙГЕН ТҰЛҒА

Біз сөз еткелі отырған жан бала жастан ата-әже құшағынан нәр алып, ұлттық құндылықты бойына сіңіріп өскен, бұл күндері елімізге танымал қайраткер болып қалыптасқан, шығармашылығымен де өз орнын тапқан тұлға.

Елін сүйген, жұртын сүйген, Отан алдындағы перзенттік парызын өтей білген, қазақ тілінің нағыз жанашыры атанған, тіпті Қазақстан делегациясын Америкаға басқарып барғанда да тек қазақ тілінде сөйлеген ғажайып жанға арналады. Ия, өткен өміріне шынайы көзбен қарасаңыз көп дүниеге көз жеткізесіз. Бірінші шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаты кезінде ештеңеден қаймықпай, еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға бар күш-жігерін аянбай жұмсағанын ұғасыз. Ол парламентаризм тарихында қалған, есімі құрметпен аталатын, қазақ тілінде тұңғыш заң жазған азамат. Заң болғанда қандай, атамекенге сырттағы қандастарды оралтуға, еліміздің қәуіпсіздігін арттыруға арналған заң. «Халықтың көші-қоны туралы» заң! Осы заңды қабылдату үшін үкіметпен бір жылға жуық күресті. Онсыз болмайтын еді, онсыз мүмкін де емес еді. Себебі үкімет ұсынған жоба қабылданып кеткен сәтте... Отанымыздың бағыт-бағдары өзгеріп, тәуелсіздігіміз тұманданып, босқындар еліне айналып кетер ме еді, кім білсін? Әлемдегі соғыстың зардабынан қашып, күллі панасыз жүргендердің мекеніне айналар еді-ау. Үкіметке балама әрі мемлекеттік тілде өз жобасын ұсынды. Алдымен мемлекеттік тілде жазылған заң жобасына үрке қарайтындар, оны мойындамайтындар табылды. Бәрінен бұрын «Ресми түрдегі аудармасы жоқ, қалай талқылаймыз?» деп Үкіметтің өкілі наразылық білдірді. Бұл да оңай соққан жоқ. Еліміздегі аудармашылар орыс тілінен қазақ тіліне аударуға машықтанған екен. Ал керісінше аударма қалыптаспаған. Осы сеңді бұзуына тұра келді. Орыс тіліне аударту үшін заңын қолтықтап, баспаған есігі қалмады. Әйтсе де жанашыр адамдар аз емес екен. Бүкілхалықтық талқылауға ұсынғанда мұны қолдаушылар саны артқанында ұқты. Тілеулестері қолдан келгенінше аянбады. Көптің көмегімен жасалған аудармаға «орыс тіліндегі аудармасы нашар» деген сылтау табылды. Қарлығаштай шырылдаған үніндей қазақ тілінде жанайқайын жеткізген жанды халық қалаулылары қолдай білді.Бұлардың бәрі кедергінің басы ғана екен. «Заң жобасына тиісті мекемелердің берген оң қорытындысы жоқ. Біз бұны заң жобасы деп есептей алмаймыз» деген де сылтау шықты. Қиындықпен оған да қол жеткізді. Себебі бұл кісіде тәкәппарлықтың нышаны да жоқ. Нағыз қазақи, еңбекқор, тынымсыз, айналасына мейірімді, ешкімді де алаламайтын мінезі кімді де болса баурап алатын. Міне ата мен әжеден алған тәрбиесі, осы қарапайым да төзімділік қасиеті талай қолдан ұйымдастырылған кедергілерден өткізді! Парламент қабырғасында өз жобасын бір жылға жуық қорғаған, 42 рет пленарлық, кеңейтілген комитет отырысында кеңінен тартысты өткен талқылаудан соң жеңіске жеткізді. Ол дегенім нағыз халық қалаулысына айналған, жұртшылықтың құрметіне бөленген, 1997 жылдың «Жыл адамы» атанған Әкім Ысқақ еді.

Бұл жөнінде сол кездегі әріптестері, қоғамдағы белгілі тұлғалардың пікіріне назар салғанымыз жөн шығар.

Бірінші шақырылған Парламент Мәжілісінің Төрағасы Марат Оспанов:

- Бұл өмір талабы, уақыт талабы заманына сай лайықты өзгерістер болуға тиіс. Келешекте әр нәрсе өз орнымен айтылады, мына заң Әкім Ысқақтың заңы деп аталады. Әкім, жеңісіңмен құттықтаймын!

Бірінші шақырылған Парламент Сенатының Төрағасы Өмірбек Бәйгелди:

- Әкім, сен мықты шықтың! Сенің Үкімет заңына балама жоба ұсынуыңның өзі төрт жылдық депутаттығыңды ақтайды.



Қайраткер, бірінші шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаты Қаратай Тұрысов:

- Әкім Ысқақ ұлты үшін ұлы дүние жасады. Алыстағы ағайынның қамы үшін, қандастардың жаны үшін қара терге түсіп, атаның басын төрге сүйреді.

Академик, бірінші шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаты Өмірбек Жолдасбеков:

- Әкім сен тарихта қалдың, атқарған жұмысың, еңбегің соған лайық!

Халифа Алтай:

- Әкім Ысқақтың шетелдегі қазақ бауырластар үшін жасаған пайдалы еңбегі үзілгенді жалғайтын ағайынның «алтын көпірі».

Осы сөздердің өзі-ақ біз білетін ғажайып жанның қандай дәрежедегі тұлға екендігін айқындап беріп тұрғандай.

Әбекең туралы ел алдындағы танымал қайраткерлер Қ. Мұхамеджанов, Ә. Нұрпейісов, М.Қозыбаевтардың сөзімен айтсақ «Оның Қажыгелдин үкіметіменен, Коржова министрлігімен бір жыл бойы ашық айтысқа түсе отырып, «Халықтың көші-қоны туралы» заңының балама жобасын дүниеге әкелуі тіл жеткісіз ерлік еді. Ол сонысымен де Қазақстанда жеке заң дайындаған депутат, Қазақстанда қазақ тілінде заң дайындаған депутат, Қазақстанда Үкімет заңын күшінен қалдырған депутат ретінде тұңғыш тұлға болып қалды. Кәсіпқой парламентшілер ішінде ол өзінің халықшылдығымен, ержүректігімен, ең бастысы қазағына тән қарапайым қамқоршылдығымен шын мәніндегі халық қалаулысы екендігін дәлелдеген адам».

Біз де бұл сөзден артық ештеңе айта алмаспыз.

## БІЗ ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫҚ?

Әкім Ысқақ әрбір қазақтың жүрегінен орын алған мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сондай-ақ ақын, жазушы, журналист, сазгер, сатирик ретінде республика жұртшылығына аты мәлім талантты жан. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты,Ордабасы, Сарыағаш аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, республика білім беру ісінің үздігі, Қазақстан педагогика академиясының профессоры, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Халықаралық Журналистер одағының мүшесі,

Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері, мектеп оқулықтарына бірнеше шығармалары енген, 30-ға жуық кітаптары жарық көрген, туындылары бірнеше тілге аударылған тынымсыз еңбек ете білетін нағыз шығармашыл тұлға.

«Бір физиктің махаббаты», «Гүл қауызындағы тамшы», «Күн ұлымын», «Біздің Бапақ», «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін», «Жан жаңбыры», «Өмір, сені сүйемін", «Ой-шырағдан», «Тұңғыш генерал», «Ақ сауытты Ақтамберді», «Көңіл қымбат», «Алтыным» сынды және т.б оқырман көңілінен шыққан кітаптарымен оқырманға бай адам Әкім Ысқақпен таныстықтың қалай басталғанына тоқтала кетейін.

«Адам іздеп жүрген» Әбекеңмен сан қырлы, жан-жақтылығымен танысу өткен жылдың жаздың соңғы айы тамыз айынан басталып еді.

Бәрі Түркістан қаласында тұратын, №19 мектептің кітапхана меңгерушісі Әлима Пашанованың телефон қоңырауынан басталды.

- Жұпар апай! Сізді ерекше, жақсы бір жанмен таныстыруға Шымкентке ертіп кеткім келіп отыр, - деді.

Шынымды айтсам, тек сырттай ғана білетін тұлғамен танысуға қарсы болмасам да қазақи әдеп сақтап, именгенім рас.

- Ешқандай да ыңғайсыз емес! Менмендігі, тәкаппарлығы жоқ, өте қарапайым жан, ізгілігі мол керемет адам! Оның үстіне ол кісіге жұмыс айтуға емес, шағын, санаулы адам ғана қатысатын шығармашылық кешіне барамыз ғой. Шығармашылығымен таныссаңыз өзіңіз-ақ жақсы көріп кетесіз, - деп мені бастырмалата түсті.

Індеттің кезінде болса да Әлима көңіл қимайтын сыйлас жан болғандықтан ғана келістім.

Ол кісі туралы ғаламтордағы мәліметтерді ақтардым. Өмірде жалпы шығармашыл адамдар көп қой. Бәрінің дүниесі қызықтыра бермесі анық. Жоғарыда аты аталған кейіпкеріміздің жазған шығармаларын тапқан сайын терең де қызықты әлемге тарта түсті. Шынында әрбір шығармасы адамға ой салып, өзіңді жақыныңдай сезіндіреді екен. Жап-жақсы әсер алып, бірді-екілі туындыларымен еркін тыныстап, бейне бір жақын таныс сияқты қомданып қалдым.

Тау тұлғаның 60 жылдық мерей тойы туған жері Ордабасы ауданына қарасты Бөржар аулында басталған

ды. Әбекеңнің өзімен, шынайы сөзімен, ел-жұртымен таныстым. Халықтың шексіз құрметіне бөленген азамат ретінде көз жеткіздім. Жүрегінің тынысынан «елім-жерім» деген қайраткерді таныдым. Ең бастысы халықтан биік емес екенін танытып, ата-әжесі, әкесі, анасы, ұстаздары, оттан да ыстық өмір туралы байыпты әңгімелері өнегеге толы екен. Әлима айтқандай нағыз Алтын адамды көкірек көзіммен сезіндім.

Сондай әсермен келіп, Кентау қаласындағы орталықтандырылған кітапханаға басшысы Гүлнар Кокуловамен келісіп, шығармашылығына қатысты арнайы айлық өткізетін болдық. Ия, бір айға арналған іс-шарамызға қатысушылар саны күн өткен сайын арта түсті. Әр туындысынан Әбекеңнің жаңа қырын танығандай, ол әлемді тауыса алар емеспіз.

Сол таныстық тамырлап, Кентау қаласында Шәмші Қалдаяқов атындағы Мәдениет үйінде басты кейіпкердің



қатысуымен «Көңіл қымбат» атты музыкалық-әдеби кеш өткіздік. Қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Ақылбек Бауыржан Момынқанұлының, «Қаратау тәжі» атты әдеби бірлестіктің төрағасы Рақым Балабиевтің бастамасымен, ең бастысы қала әкімі Мақажанов Дәурен Сәбитұлының қолдауымен ерекше, әсерлі, айтып жүрерліктей керемет кеш болды.

Қала әкімінің орынбасары Бекайдар Әлайдаров кеншілер қаласының 65 жылдық медалін табыс етіп, аса зор құрметпен қазақтың дәстүрімен шапан жапты. Кентау қаласының бас ақыны Рахым Балабиев Әкім Ысқақ ағамызға ыстық ықыласын өлеңмен өрнектеп, батаға жалғастырды. Кеншілер қаласында оқырмандарының көптігінен болар, тоқтаусыз бірнеше өлеңдері мен қарасөздері жатқа оқылды. Мәдениет үйінің әншілері мен актерлері кеудені қағып тұрып орындайтын әсем әндерімен көрермендерін тәнті етті. Әсіресе «Көңіл қымбат», «Көк тудың желбірегені», «Соңғы вальс», «Оралшы жаным қайтадан», «Күзді сүйем», «Анашым» және тб. көпшілік сүйіп тыңдайтын әндерге айналғанын тыңдарман қауымның ерекше қошеметі соның айғағы деп білемін.

## «АЛТЫНЫМДАҒЫ» АЛТЫН СӨЗДЕР

«Алтыным» деген кітабы қолыма тиген күн ең бақытты сәттерімнің бірі деп айта аламын. Ондағы алтын сөздерді көңілге тоқымау мүмкін емес. Кішкентай баладан еңкейге қарияға дейін осы кітапты оқуға құмар. 2018 және 2020 жылы қайта жарық көрген «Алтыным» атты қысқа қайырымды ой-толғамдары республика мектеп мұғалімдері мен оқушыларының сүйікті кітабына айналып келе жатқаны бекер емес. Осынау қарасөздерінен оқылған «ӨМІР. СЕНІМ. АРМАН.» («Алтынымның» үзінділерінің дыбысталған нұсқасы) дискі жинағы да жарық көрген. Түркістан қаласындағы 19 мектепте (кітапханашы Әлима Пашанованың бастамасы бойынша) екі жыл қатарынан бұл кітап мектеп оқырмандарының «Ең таңдаулы кітап» номинациясына ие болыпты.

Біздің Кентау қаласындағы кітапханадағы оқырмандардың да және өзбек мектептерінде өзбек тілінде шыққан «Олтиним» (өзбек тіліне аударған жас жазушы Мафтуна Нәжиева) ең сүйікті кітабына айналып келеді. Мұғалімдер мен оқушылар арасында кітаптан үзінді оқу дәстүр боп қалыптасты. Еліміз бойынша екі жылдан бері түрлі деңгейдегі «Алтыным» оқулары, байқаулары өткізіліп келеді. Нұрсұлтан қаласындағы 56 мектеп-лицей педагог-психологы Айгүл Рақымжанова «Өзін-өзі тану» пәнінде тереңірек оқытса, Ақмола облысы, Аршалы ауданы Ж.Тәшенов атындағы орта мектеп педагог-психологы Айдана Сембиева кітаптан «Адалдық сағатын» өткізсе, психолог бастамасымен апта сайын мұғалімдер мен оқушыларды «ӨМІР.СЕНІМ.АРМАН.» дискі жинағын тыңдату үрдіске айналыпты. Ал Атырау қаласындағы оқырманы Айгүл Бауыржан өз бастамасымен өз дауысымен «Алтыным» кітабын тұтастай электрондық нұсқасын жасап шығарды. 2018 жылы қаламгер шығармаларына арналған, тілеулес оқырмандарының қолдауымен өткізілген «Алтын ғұмыр» республикалық байқауында Түркістан облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының баспасөз хатшысы Мәдина Сабыр бас жүлдеге ие болды. Нұрсұлтан қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театр әртістері Бақыт Жұмағұлова оқыған «Мен Адамдарды жақсы көремін», Гаухар Жүсіпова оқыған «Іздеймін Сізді» және Түркістан облысы, Ордабасы аудандық «Жастолқын» жасөспірімдер театры (жетекшісі Перизат Баймаханова) орындаған «Алтынымға» жасалған бейнероликтері әлеуметтік желіде кең таралып келеді.

Ия, Әбекеңнің әрбір сөзі отанды сүюге бағыттайды, әрбір сөзінен өмірге ғашық бола түсесің!

«Мен қазақпын! Қазақ болып туғаныма мақтанамын. Жанымда қайсар қазағыма деген махаббат аттай тулап, 62 тамырым қазақ деп соғады!».

Жүрегі қазағым деп соққан, жаны мөлдір, өзі қарапайым, менменсінуді мүлдем жаны қаламайтын жаны таза «Алтын адам» Әкім Ысқақты үлкен-кіші де жанындай жақсы көреді. Адамдығына, өмірге, досқа адалдығына тәнті болдым. Ұлтжанды мінезі, ізгілікті көңілі шынайы сыйластығы, жас баладай тазалығы, нағыз жанашыр оқырманына айналған достың біреуі мен бол-



дым. Шабыттанып, көңіліме көктем ұялап, Әбекеңе арнап ән жаздым.

### «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ӘНІН ЖАЗУЫМА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

Адамды екі жағдайда танисың. Сөзі мен ісі. Яғни тиянақты тірлігі. Сөзі – ол шығармашылығы. Ал тірлігі тиянақты айналасына шуақ шашып жүреді. Ал мінезінде менмендік жоқ. Адамдардың барлығын жақсы көреді. Ол үшін қиын жағдайға да тап болады. Ең бастысы кешірімшіл. Бұл кім дейсіз ғой? Бұл мен таныған Ысқақ Әкім Әбдіқайымұлы! Бойындағы асыл қасиеттері, адами құндылықты жоғары ұстануы, туған жерін, елін, Отанын, Ордабасын сүюі шексіз тәнті етті. Ата-анасының берген тәлімін сақтай білгеніне, кішіпейілдігі көзінен сезінетіндігіне, ұлтжанды мінезі жарқырап тұратындығына, қазағым деген ерекше пейіліне бас идім.

Бала жастан өнерді ту еткен шығармашылыққа деген еңбекқорлығын, жас дарынға қамқорлығын, жаны жаралы жасқа сүйеніш бола білетіндігін, нағыз нар тұлғалы ғажайып жан, қазақтың бір тума азаматы екенін таныдым!

Алланы шексіз сүйген қарапайымдылығын, ізгілігін, үлкен-кішіге деген ыстық ықыласын, өмірге деген құштарлығын таныдым. Осындай асыл қасиеттері бойындағы жақұт, асыл маржан сөздеріменоқырмандар жүрегінен орын алуы –өмірге құштарлығынан.

Бір ғана «Алтыным» атты кітабы үлкен-кішіге өмірлік сабақ беретін қара сөздері мен афоризмге толы алтын қазынасы өшпес тарих. Және Әбекеңе көңілімдегі ой иірімдерімді ыстық-ықыласпен достық махаббатымды өлең өрнегі мен әнім арқылы жеткізуді өзіме парыз санадым. Міне, менің «ҒАЖАЙЫП ЖАН» деген әнім осылай дүниеге келді.

ҒАЖАЙЫП ЖАН

Мемлекет, қоғам қайраткері, тұңғыш рет қазақ тілінде көші-қон туралы заң жазған, ақын, композитор Әкім Ысқаққа арналады (әні мен сөзі Жұпаркүл Бекшораева).

Әнге айналып ел сүйетін «Көк туың»,
Көкке қарай жеткізді ғой ел үнін.
«Жүректегі жазуларың» өшпейді,
«Адам іздеп»қайта жақтың сенімін.

Жан сарайың мөлдіреген бұлақтай,
Нар адамсың, нәр алғансың даладан.
Бұл өмірде «Көңіл қымбат» қашанда,
Айналайын сені туған анадан!

Шартарапқа әнің қалқып барады,
Жағылады көңілдердің шырағы.
«Алтыным» деп басын қостың бәрінің,
Сенің туың биік болып тұрады.

Алғашқы рет өз тілімде заң жаздың,
Қазағыма нұрлы үмітті сыйладың
Оқырманы»Алтын адам» атаған,
Жақұт сөзді, бір өзіңнен жинадым.

Ақын, сазгер **Жұпаркүл БЕКШОРАЕВА**
Кентау қаласы.

# Аталмыштың ақыры

**ФАРХАД ӘСКЕРОВ,**

**ӘЗІРБАЙЖАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ**



Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде емес, осы біздің заманымызда, бірақ көз көріп, құлақ естімеген бір патшалықта, адам аяғы баса алмайтын ну орманды, шөбі шүйгін шалғынды, заңғар көкке ұмтылған тауы мен өзен-көлі бар Бор атты ғажайып өлке болыпты. Онда жан-жануарлар дейсіз бе, құстар дейсіз бе, төртаяқтылардың түр-түрі, суда жүзетін жәндіктер мен бауырымен жорғалаушылар бәрі-бәрі емін-еркін жайлапты.

Ұлы Бор басқа ешбір әлеммен шаруасы жоқ, өз өмірін өзі сүріп жатты. Ондағы аң-құстың бірі ілгері, бірі кейін, бірақ әйтеуір аштықтан ешқайсысы өлмепті. Алайда адам емес, аңның аты аң ғой, күштілері керемет олжаға кенелсе, ыңыршығы айналғанша сылқия тойып, содан қалған аз-маз қалдық әлсіздеріне тиіпті. Бұл өлкеде аңдар мүлдем өлмеді десек, өтірік шығар, өлім болды, бірақ аштықтан емес, ауру-сырқау мен жарақаттан. Көбінесе жүйке тозғаннан.

Ұлы Бор елінің ұшы-қиыры жоқ еді. Тау-тасы мен аңғары және жазира жазық даласы мен ол даланы басқаратын патшасы болды. О, ол Патшаның құзыретін айтсаңшы, өзі түгілі тайлы-тұяғы, тіпті тышқақ лағының құқығына қол сұғылмайтын еді ғой.

О шеті мен бұ шеті айшылық. Ұланғайыр өлкені игеру де оңай болған жоқ, сондықтан Бор бөлінді. Алқаптар мен шалғындарды бөлек-бөлек уәзірлер басқарды-дағы, уәзірлерді Ұлы мәртебелінің өзі тағайындады.

Қысқасы, не керек, осы бір теңдессіз ғажап өлкені оң жағынан көтеріле берген биік жотасындағы үлкен үңгірде бір жолбарыс отары өмір сүріпті. Шері мен өлекшінге және оның бес шөнжігіне бұл үңгір байырғы бабаларынан мұра боп қалса керек. Бес күшік аз болғанда, біраз бұрын алтыншы сармақ пайда болды. Оған «азан шақырып» Сұр Жолбарыс деп ат қойды. Туған кезде Сұр шөнжіктің басқа тіршілік иелері, басқа бауырларынан ешқандай ерекшелігі болған жоқ. Ата Жолбарыс пен ене Жолбарыстың қамқорлығына да барынша бөленіп өсті. Көңілінде ешбір алаңдаушылық болған жоқ, басқа жануарлармен бірге оттады, бірге ойнады. Бірақ ешкіммен басы піспей, жиі қақтығысып қала беретін. Өйткені өте дөрекі еді, қысылып-қымтырылу дегенді білмеді. Сондықтан құрбы-құрдас атаулы онымен ойнаудан қашатын.

Жеті жасқа толған шағында ата Шері оны әлдебір мектепке жіберді. Тау қойнауында жатқан бұл оқу орнын өзінің асқан білімімен танымал Арғымақ жылқы басқаратын. Әттеген-айы, Сұр жолбарыс бұл мектепте ұзақ оқи алмады. Өйткені дөрекі ғана емес, ол ақымақ әрі жалқау еді. Шері-әкесі оны ақыры болмаған соң, Айлакер түлкі басқаратын басқа бір мектепке ауыстыруға мәжбүр болды. Бір қызығы, жылқының білімі қонбаған Сұр жолбарысқа түлкінің ілім-ғылымы жақсы қона кетті.

Өсе келе Сұр Жолбарыс тіпті әккі, қу боп алды. Кең жауырыны мен қарулы аяқтары және қалың мұрты оның кәдімгі жыртқыш барыс тұқымы екенін білдіріп тұратын. Әйтсе де ол алдамшы түр ғана еді, себебі көзін ашып көргені сол болған соң мінезі мен әдеті кәдімгі түлкіден аумай қалды. Сондықтан достары оны:

- Сен жолбарыс емес, Түлкісің. Біздің Барыс деген атымызға кір келтіріп жатсың, - деп мазақтайтын. Бірақ Сұр жолбарыс бұл сөздерге назар аудармаған сыңай танытты, себебі қанша дегенмен Түлкіден сабақ алды емес пе. Әйтпесе, әрине ренжитін де кездері болды, бірақ оны-сын көзге көрсетпей, ішінде сақтап, кек алуға ыңғайлы уақыт пен сәтін күтті.

Күндер жылжып өте берді, бір күні Сұр Жолбарыс есейіп, ересек жасқа жетті. Өзі өскен орта, орман, тау мен тас оны бір түрлі жалықтырып жібергендей сезінді. Сөйтті де Ол бұл өлкеден қалай кетуге болатынын ойластыра бастады. Неге екені белгісіз, әйтеуір оның жүрегі Таулы қыраттан кең жазыққа ұмтылды. Бірақ кетейін десе, бауырларын қимай, соларды да ала кеткісі келді. Басында олар мұның айтқанына көне қоймады, бірақ көп ұзамай ол арман орындалды. Барлығы бірге биік шың басынан таудың етегіндегі жазыққа көшті. Жаңа қоныстары Ұлы Бордан ұзақ емес-ті, тіпті тиіп тұрды десе де болғандай. Сондықтан әуелгіде өздерін ас-ауқатпен қамтамасыз ету үшін олар кейде Ұлы Борға барып тұратын. Сұр Жолбарысқа бұл жер өте ұнады. Ол ерекше талғаммен жасалған құстардың ұясын, түрлі аңдардың іні мен қуыс-қалтарыстарды тамашалап жүрді. Бірақ бұл жердің Ұлы бормен теңеспек түгілі тіпті салыстыруға да келмейтінін білген Сұр Жолбарыс жазықта көп бөгелмей, бауырларын да бәрін тастай, қайтадан сол баяғы Борына қашты.

Бұдан кейін Сұр Жолбарыс күрт өзгерді. Ол өмірдің ағысымен жүре бермей, қалайда тұрмысын тез оңалту жолын іздестіре бастады. Ақыры ойлап тапты. Қоян, Түлкі, Шибөрі мен Есек, сосын Шимпанзе және Арыстанның музыкалық топ құрып, тойлардан жақсы табыс тауып жүргенін білді, сөйтті де дереу музыкалық курсқа жазылды. Дәлірек айтқанда, кларнет аспабын үйренуге кірісті. Себебі әлгі топта кларнетші жоқ еді. Әуелгіде дәріс жүрегін айнытатын. Аспапты тартқан сайын жағы талып кететін. Алайда курс жетекшісі Маймақ Аю мырза оның оқымасына қоймады. Сондықтан Сұр Жолбарыс тілін тістей жүріп, оқуын жалғастыра берді. Өйткені бір ойлағаны бар еді. Сонысын қалайда жүзеге асыру үшін Арыстанның маңын торуылдап, тәтті тілімен оны ақырындап қаузай бастады:

- Арыстан бауырым, сіздің атышулы дүркіреп тұрған ансамбліңізде неге кларнет жоқ осы?

Арыстан оған оқты көзбен бір қарап:

- Маған кларнетші қажет емес, бастысы гитара мен ионика бар. Сол да жетеді, - деп шорт кесті.

Алайда Сұр Жолбарыстың мұндай жауапқа айтар уәжі дайын еді.

- Бауырым, о не дегенің? Кларнет қазір хит қой, оған электр қуаты да, басқа заттар да қажет емес. Және одан сіздің ансамбліңіздің даңқына даңқ қосылмаса, ештеңе ұтылмайсыздар. Екінші жағынан, ансамбльге бет біткеннің сұлуы әрі кербез Кенгуру бикешті де кіргіземіз. Қарасаңшы, соқыр Жарқанаттың өзі екі жастың үйлену тойына Жирафты ертіп алады, не үшін деп ойланбадың ба? Себебі Жирафтың ұп-ұзын мойны-ақ көпшілікке күшті әсер туғызады. Көрмейсің бе, қазір олар тойдан тойға алақаннан түспейді. Егер Сіз өз ансамбліңізге дереу сондай жаңалық енгізбесеңіз, онда көп ұзамай өшесіздер, - деп төндіріп қойды.

Сұр Жолбарыстың бұл сөздері Арыстанның аузын аштырып, кәдімгідей тұңғиық ойға батырып тастады. Сөйтті де, не керек, соңында қалай «иә» дегенін білмей де қалды.

- Жарайды, мен келісемін. Бірақ Кенгуруды көндіру – сенің міндетің.

Сол сол екен, Сұр Жолбарыс иілгенде тура екі бүктелуге сәл-ақ қалды.

- Әміріңізге құлдық, Арыстан бауырым, - деп жылмаң қақты.

Солайша Сұр Жолбарыс ансамбльге кірді де кетті. Ойындағысы орындалған соң, оның тасы өрге домалай бастады. Табысы да жаман болған жоқ, бірақ оның берекесі болмады. Өйткені той болған күннің ертесіне-ақ ол тапқан барлық табысын ішіп-жеп қоятын. Ал ұзын сирақ Барыс бикешпен танысқаннан кейін тіпті ақшаның бетіне қарамай, үріп ішіп, ауызға салатын болды. Сауық-сайрансыз бір күні өткен жоқ. Құдайдың құтты күні ішкен соң, көздері үнемі қызарып, ісіп тұратын. Сөйте-сөйте нағыз желөкпе, сал-серіге айналды. Ата-ана, бауыр дейсіз бе, бірінің сөзін құлағына қыстырған да жоқ.

Достармен таңды таңға ұрып, ылғи да бір бұзақылар жүретін жерлерден шықпады. Жеңіл жүрісті ұрғашылармен қыдырды. Әрине, есепсіз ақша шашқан соң, қарызға белшесінен батты. Ойын-сауық мекеме иелері оны дауламай, басынан сипасын ба? Жақсылап тұрып қыспаққа алғанда, «өмірі істемеймін» деген іске қалай барғанын білмей де қалды. Бірде, үйлену тойында ішуден жарыс ұйымдастырып, өзі аздап қана ішті де, сол бір оңтайлы сәтті пайдаланып, Арыстанның қалтасына қол жүгіртіп үлгерді. Сөйтті де, ол жерден бір бума ақшаны суырып алды. Ішіп-жеп боп, жан-жаққа тарап кетті. Арыстан ақшасының жоғалғанын ертесіне бір-ақ аңғарды. «Кеше өзім қатты мас боп қалып, қалай түсіріп алғанымды байқамай қалған шығармын» деді де қойды.

Әйтсе де келесі жолы Қоянның, сосын – Есек, одан кейін Шибөрінің ақшасы бірінен кейін бірі жоғалған соң, бәрі ойлана бастады. Бірақ Сұр Жолбарыс бұл жағын да

ойластырып қойған еді, сол бойынша күдік өзіне емес, әуелі Түлкіге ауды. Ал ол болса «міне жаным, міне иманым» деп ант-су ішіп, алмағанын айтып шыр-пыр болды.

Сұр Жолбарыс тықырдың өзіне таяғанын сезді – ұсталып қалмас үшін бірнеше уақытқа ол әдетін ұмыта тұрды. Себебі қылмыс үстінде тұтылудан қорықты. Десе де, «ауру қалса да, әдет қалмас», қала берді дәнігіп алғаны бар, ақыры ол өз дегенін істеткізбей қоймады.

Қасқырдың үйлену тойын тойлады. Бәрі керемет өтті. Сұр Жолбарыс кларнетінде ойнап тұрған, өзегі өртеніп жатқандай бір түрлі күй кеше берді. Қонақтар мың бұралған бишілерге ақша қыстырып, олар музыканттарға сыйлап, сондай бір қызық болды. Ал ең қызығы, сол ақшаның бәрі Арыстанның сөмкесіне барып жиналды. Сұр Жолбарыстың ішін тесіп бара жатқаны осы ақша еді. Қараған сонша, көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ашкөздігін тыя алмады. Сөйтті де сонша ақшаның иесі Арыстанды көре алмай кетті. Сондықтан қалай оны кетіріп, орнын басудың жоспарын құра бастады. Той соңында Арыстан ақшаны музыканттардың арасында бөле бастады. Әдеттегідей өзіне екі есе үлесін алды. Ол нәрсе Сұр Жолбарыстың онсызда күжірейген жалын одан сайын тікірейтіп, ашуланғанда терісіне сыймай кетті. Бірақ шыдап, іштей: «Жә, сені ме, түбі аяғыңды аспаннан келтірмесем, Сұр Жолбарыс атым құрысын» деді. Тойдан кейін олар сылқия тойып алды. Сұр Жолбарыстың қасында отырған Үлпілдек құйрық Түлкі «дайын» еді. Басқалар да оның о жақ бұ жағы болатын. Ал мұндай жағдайды қалт жіберу күнә ғой. Ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланған Сұр Жолбарыс Түлкінің қалтасындағы ақшаны оп-оңай зып еткізіп, өзінің ұры қалтасына сүңгітті де жіберді. Сөйтті де түк болмағандай басқалармен ішіп-жеп отыра берді. Ал, ансамбль жетекшісі Арыстан біраздан бері Сұр Жолбарыстан күмәндана бастаған болатын. Сондықтан осы кеш бойы одан көз алмай бақылап отырды. Бір кезде үстелден тұруға белгі берді. Ал бәрі дүркірей көтеріле берген шақта бірден:

- Бұрышқа жиналыңдар да, ешкім ешқайда қозғалмасын. Және сырт киімдеріңді шешіңдер, - деді.

Музыканттар абдырып тұрды да қалды. Себебі удай мас еді, не болғанын ұқпай қалды.

Ал, Сұр Жолбарыстың іші қылп ете қалды. Бірақ тым кеш еді бәрі. Арыстан бірден оның қасына келді. Сөйтті де оның ұры қалтасына қолын тығып жіберіп, әлгі ақшаны суырып алды да, басқа ештеңе айтпастан аяғынан тәлтіректеп әрең тұрған Түлкіге беріп:

- Ақшаңды ал мінекей, азырақ ішу керек, - деді.

Түктің мәнісін ұқпаған Түлкі көзін әрең ашып-жұмып, ақшасын қалтасына сала салды.

«Ұялған тек тұрмас» деп, Сұр Жолбарыс сол жерде тығырықтан шығу үшін бірден айғайға басып:

- Жала, ол әдейі маған жала жауып жатыр. Мен үнемі оның өзіне екі есе үлес алғанына қарсы шығамын, міне оның соған қайтарған қарымтасы. Сондықтан Арыстан әдейі бәрінің ақшасын кезегімен ұрлап, менің Жолбарыс атыма қара күйе жағуда. Мен мұны осылай қалдырмаймын. Жұмысты істейтін біз, ал ақшаны күреп табатын ол. Міне, енді қала берді бізді ұры да қылып шығармақшы.

Сұр Жолбарыс сілтеп жатыр, сілтеп жатыр. Арыстанның мынадай өтіріктен, дәл осындай жаладан тұла бойы тітіркеніп, екі құлағы тарс бітеліп қалғандай, мең-зең боп отыр. «Мәссаған, күшік асырап ит еттім... ол.... » Көз алдынан алғаш Сұр Жолбарыстың өзіне келіп, мүләйімси қарап, «мені ансамбльге алшы» деп жалынған кезі бәрі-бәрі дөңгеленіп өтіп жатыр...

Арыстанның жағын ашпай, сұлқ отырып қалғаны Сұр Жолбарысты одан сайын ызаландыра түсті.

- «Ареке, Ареке» дегенге күпініп кеткені сонша, көзін шел басқан. Тапқан сайын таба берсем, түйені түгімен жұта берсем дейді. Пара бермесе ансамбльге ешкімді алмайды. Менің жеке өз басымнан жұмысқа қабылдарда он қой сұрады. Мына отырған ешқайсың да білмейсіңдер, әрине, бұл ма, бұл... ортақ табысқа қол сұғып, соның шетінен ұрлайды, осымен қанша рет байқадым... Бөліске жарты ақшаны да қимайды..., - деді Сұр Жолбарыс аузы-аузына жұқпай.

«Ақша» деген сөз айтылғаны сол еді, алқақотан отырғандай бәрі бір-біріне қарады. Бірінші боп ақымақ әрі сараң Шимпанзе шыдай алмай, орнынан атып тұрды:

- Білесіздер ме, барабанды соға-соға алақандарым ойылудың сәл-ақ алдында тұр. Ал айлығым... айлығым шайлығыма да жетпейді. Сұр Жолбарыс дұрыс айтады, Арыстанның мұнысы оңбағандық!.

Оған екіленген есек қосылды:

- Ааа-ааа-ааа, - деп ақырып алды әуелі, Арыстан бауырым, ббббаааасқасы басқа, се-се сеенен күтпедім, - деді. Қатты ашуланғанда кекештеніп қалатын әдеті бар еді, бұл жолы тура солай болды, - ақша тауып, баюды армандайтыныңды бі-бі-білуші ем, бірақ, мынауың енді ше-ше-ше шеектен шықты... Бәрімізді алдап тапқан дүниең өзіңе жұға қоймайды, соны е-е-ескертіп қояйын... «Еееe-сектің еті ааарам болса да, еңбегі адал»... соны біліп қой, мен ешқашан саған арамдық жасаған емеспін...

Онсызда Сұр Жолбарыстың жаласына әрең тұр еді, енді оған ақымақ Шимпанзе мен аңқау Есек қосылды. Десе де, тілін тістеген күйі тұра берер ме еді. Бір шеттен қитар көз қоян қосылмағанда. Әншейінде тілін безеген түгілі бетіне қарай алмайтын су жүрек бүгін тура Арыстанның көзіне шақшия қарап:

- Абайла, ағасы, «шыдамның да шегі бар» деген... Ол аз десең, «қорқа-қорқа қоян да батыр болады» деген... Сен бар ғой, сен біздең ұрлаған ақшаның бір тиынына дейін қайтарып бересің!..

Осы сөзді күтіп тұр екен, онсызда терісіне сыймай тұрған Арыстан атылды.

- Тоқтат!

Арс етіп, ақырып кеп қалғанда Арыстанның үнінен кім қорықпасын, әлгінде батырсынып жатқан аңдардың бәрі селк ете түсті. Қанша дегенмен «Аң патшасы» деген аты бар ғой.

- Өй, өңшең қорқақ, өңшең сатқын немелер! Сендер мына Сұр Жобарыстың айтқан сөзіне имамдай ұйып, өздеріңді қанша жыл асырап келген мына менен бір-ақ сәтте теріс айналып, шыға келдіңдер ме? Қандай көрсоқыр едіңдер?!. Көздеріңді ашып қарасаңдар, кімнің кім екенін танитын, білетін едіңдер... Егер оған саналарың жетпесе, менің басқа айтарым жоқ...

Сөйтті де Арыстан Сұр Жолбарысқа бұрылып, таңданысқа толы жанары мен өкінішке толы жүрегі қарс айрыла:

- Ал сен Барыс інім, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай соғуыңды тоқтат! «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»... Ертең-ақ шындықтың беті ашылады. Ашылмаса, ақыретте одан да жаман болады күнің... Күнәңнан қашып, тығылатын жер таппай қаласың. Жолбарыс деген атың болмаса, құлығың түлкіден де асып түседі екен... Алайда, басында торғайдың миындай ми болса, осылай етпес

едің-ау... Маған ең ауыр тигені «өзім асырап ит қылған күшіктердің» бүгін итше ырылдап, шибөріше өзімді талап жатқаны... Ақиқат пен жалғанның аражігін ажырату былай тұрсын, тіпті аузымды ашуға шама келтірмедіңдер ғой.

Сөйтті те Арыстан барлығына бұрылып:

- Иә, рас, мен қашанда бәріңнен артық, екі адамның үлесін алып отырдым, бірақ алсам, ол – менің еңбегім. Себебі бәрін ұйымдастыратын мен, шығындарды жабатын да мен. Ал сендердің ақыларыңның бір тиынына да тиген емеспін. Ендеше, сонымды басқаша түсінсеңдер, өздерің біліңдер.

Шимпанзе, Есек, Қоян, Шибөрі мен Түлкі бағанағыдай емес, бұл сөзден кейін бастары салбырап кеткен, біреуі қарсы бірдеңе дей алмады... Ауыздарына құм толтырып алғандай... Демдеріне ішіне тартқан күйі тұрды да қойды...

Бәріне бастан-аяқ бір қарап алып, есікке беттей берген Арыстан сөзін аяқтау үшін қайтадан Сұр Жолбарысқа бұрылды. Ол бірдеңе болса қаша жөнелейін деп табалдырықта дайын тұрған. Оның соншалық бейшара халі тым аянышты еді...

Өйткені оның ақиқаттан адасып кеткенге дейінгі барлық іс-әрекеті Арыстанның көз алдында өтті ғой. Сауық-сайран... күнде думан, күнде той... сосын ит пен құстан қарыз болғаны... «Бір күні есін жияр» деп күтті бұл. Алайда дәл бүгінгідей іске, көрер көзге жаптым жала, жақтым күйеге барады деген ой мұның үш ұйықтаса түсіне кірмепті...

Арыстанның арыны қатты болғанымен, жүрегі жұмсақ болатын. Бүгін де көп нәрсе айта алмай қалғаны сол, бір өксік жүрегінің түбінен тулап шығып, тамағына келіп тұрды да қалды... Сәлден соң ғана аңғарды, жылап тұр екен ғой өзі манадан бері... «Заман-ай, бетіне жел де қатты тимеуші еді, басқа түгілі... Сөйткен мұны бір ғана өтірік жала төңкеріп түсірді... Басқасы басқа, бауырындай боп кеткен жандардың жон арқадан пышақ сұққаны арқасына аяздай батты. Енді жалғыз-ақ нәрсе қалды. Ол – бұл өлкеден кету. Айналасын қоршаған өңшең сатқын жұрттан алды артына қарамай қашу... Кетерінде Сұр-Жолбарысқа бір-ақ ауыз сөз айтты:

- Достарыңның ақылына құлақ салғаның қашанда артық болмас еді. Алайда, саған одан пайда да жоқ. Өйткені ақымақ басың, қала берді қырсық мінезің... қайдам, сенен жылт еткен үміт отын көріп тұрғаным жоқ...

Сөйтті де ақырғы рет ауыр бір күрсінген Арыстан есіктен шыға жөнелді. Артына бұрылып қараған да жоқ.

Солайша Сұр Жолбарыс өз дегеніне қол жеткізді. Арыстанды абыройдан жұрдай қылып, қуып шығып, енді оның орнын қалай басуды ойлады.

- Ешқандай да еңселерің түспесін, достар, мен тірі тұрғанда ештеңеден қам жемеңдер. Ақша деген әлі аяқтарыңның астында жататын болады, - деді ансамбльдің тізгіні енді өз қолында екенін білдіргісі келіп.

Төртаяқты музыканттар оның бұл сөзіне сеніп, жетекші етіп таңдады. Алайда көп ұзамай-ақ оның ашкөздігі әшкере болды. Ақшаны бір емес, екі емес, үнемі өзіне тарта берген соң кім ұнатсын, ақыры бір күні Шибөрі алқымынан бір-ақ алды:

- Әй антұрған! Жаның барында мына жерден тайып тұр, енді сені қайтып көрмейтін болайық. Сенің кесіріңнен біз қандай Абзал жанды ренжітіп алдық...

Шибөрінің уысы қатты екен, Сұр Жолбарыстың тынысы тарылып, сәл болмағанда шыбын жаны кеудесін тастап, ұшып кете жаздады. Кімнен қандай көмек болар екен деп, айнала қоршаған аңдардың бәріне бір-бір көз тастап үлгерді. Алайда араларында ешқайсының көзінен бір мысқал қайыр көре алмаған соң өзін тұншықтырып тұрған бөріге мүләйімси көз тастағаннан басқа амал қалмады. Тап өткен жолы Арыстанға атылғандай бірінші боп ортаға Шимпанзе шыға келді. Зор даусымен гүжілдей:

- Дәл сен сияқты өсекші, өтірікшіні көргенім жоқ. Арыстанның өзін сен бір шырпысыз отқа орадың. Енді міне, өзің соның орнын бастым деп мәзсің бе? Тырнағына да татымайсың сен оның, білдің де?!

Сұр Жолбарыс өйтіп-бүйтіп әрең құтылды-ау Шибөріден. Өлердегі сөзін айтып, жалынып:

- Ағатай, қаласаң, Арыстан келсінші осында – аяғына жығылам. Тізесін құшып, «құлым бол» десе, құлы болам, - деді тәтті жаны үшін қырылдай.

- Бар кет! Көзіме көрінбей жоғал! Бұлай болғанына өзің ғана кінәлісің! Жусаннан аласа, бетегеден биік боп қана жүргеніңде мұндай күйге түспес едің – деп Шибөрі Сұр Жолбарысты қуып шықты.

Сонда да болса тыныш кетпей, мұрын астынан бірдең деп міңгір ете қалды Сұр Жолбарыс. Әйтсе де онысын ешкім елеген де жоқ. Аяйтын да ешкімді табылмайды. Қысқасы не керек, Жолбарыстың әуені осы жерден тоқтады. Оның бұл өлкеден табанын жалтыратудан басқа амалы да қалмады. Жанының аманында, әйтпесе... Ойлаудың өзі де қорқынышты.

Тыста күн әжептәуір суып кетіпті. Қолы, беті, мұрны мен құлағының ұшы тоңазып қалды. Жаурағаннан ба, әлде қорыққаннан ба тісі-тісіне тимей дірілдеп келе жатып ол кенет бір тасқа сүрінді де, омақаса құлады.

Содан ініне сүйретіліп әрең жеткен Сұр Жолбарыс әрі қарай қалай өмір сүретінін ойлады.

Олай көрді, былай да көрді. Соңында ұсақ-түйек сауда жасап көруге бел буды. Ағаштардың жеміс-жидегін теріп, соларды арбаға салып сатуға кірісті. Бірақ мұнда да ол өзінің қитұрқы әрекетін қоя алмады. Сатып алушыларды алдады, арбады, таразыдан жеді, тіпті бір күні Сусиырдың ашуға мінгені сонша, алғалы тұрған қарбызымен мұның басын қақ айыра жаздады. Оған себеп бұл оны таразыдан жеп, алдамақшы болған. Жалғыз оны ғана емес, елдің бәрін... Бірақ соңында өзге емес, өзі тұтылды...

Саудада жолы болмаған соң Сұр Жолбарыс тағы сандалып қалды. Ұлы Бордың о шетіне бір, бұ шетіне бір шықты. Екі қолға бір күрек іздеген, таба алмай қойды. Елді дағдарыс жайлаған тұс болатын, кәсіпорынның көбі жабылған... Одан қысқарып қалған жұмысшылардың алды көше кезіп, қалт-құлт еткен кәрі-құртаңдары қоқыс жағалай бастаған. Ақыры бұлай жата берсем, аштан өлермін деп Сұр Жолбарыс жұмыссыздар табан тірейтін ең соңғы мекен «Құл базарға» қарай тартып отырды. Қақпадан кірген беті сол, кенет ту сыртынан бір таныс тауыс саңқ ете қалғаны:

- Пәлі! Жолбарысым-ау, бұл сенбісің? Өз көзіме өзім сене алмай тұрғаным?!

Жалт қараса, қарсы алдында бала кезде бірге ойнаған досы Теңбіл Барыс тұр. Көрмегелі қанша ай, қанша жыл, құшақтар айқаса кетті. Тек сыртынан естігені бар еді, Теңбіл Барыс көтеріліп кеткен дегенді. Тағдырды қойсаңшы, ойламаған жерден қарсы алдынан келтіріп тұр. Әдейілеп іздесе таба алмайтын жан ғой әйтпесе. Жолбарыстың кеуде түбінде сөніп бара жатқан үміт оты қайта жарқ етті. Барыс досы мұны көлігіне қарай баста-

ды. Артқы орындыққа екеуі қатар жайғасты. Сұр Жолбарыс мұндай көлікті өмірінде көрмепті.

Теңбіл Барыс жүргізушісіне:

- «Бассейн» мейрамханасына тарт! – деп әмір берді.

Алғашқы тостты досы мұның денсаулығы үшін көтерді. Сосын барып сұрады:

- Ал, айта отыр, қайда, не тіршілік, досым-ау?

Сұр Жолбарыс сипақтатып:

- Жай, ұсақ-түйек.

- Пайда бар ма? – деді кесек сөйлеп үйренген Барыс.

- Болады, шүкір, - деді бұл да сыр білдірмей.

- Білесің бе, досым, сен менің балалық шағымның көзісің ғой, етіңнің тірілігіне сол кезден қызығатынмын. Маған келсең қайтеді. Қойма меңгерушісінің орны бос тұр еді тап осы кез. Басқа емес, ол жерге өзіңдей көз көрген, адал досымның отырғанын қалаймын. Бұған қалай қарайсың? – деді.

Сұр Жолбарыс қанша дегенмен қу түлкінің шәкірті емес пе, бірден елп ете қалмай, бас тартқан сыңай танытты. Алайда іштей қуанғаннан төбесі көкке жетуге сәл-ақ қалған. Сөйтіп еді Барыс та бастырмалай екінші бокалды тағы да мұның денсаулығы үшін көтеруді ұсынды:

- Бұл тостты да сен үшін, досым.

- Бауырым білесің бе… деп келе жатыр еді...

Теңбір Барыс мұның сөзін аяқтатпай:

- Ешқандай да «білесің бе, білмейсің бе» деген қабылданбайды! Әлі-ақ сүтке шомыласың, досым, сүтке. Әуелі дәмін татып көр – сосын өзің-ақ тастай қатып айрылмайсың.

- Ау, мен ондай жұмысты ешқашан істеп көрмедім ғой. Қолымнан келмей қалып, сені ұятқа қалдырсам ше, - Сұр Жолбарыс кәнігі әдетіне басып, жақсы адамша мүләйімсі қалды. Ал өзі нешінші күн қатарынан ыстық тамақ көрмеген, осы тұста буы бұрқыраған кәуаптың қалпақтай бір түйірін қарғыта асап жіберді.

- Сен ол жағынан қам жеме. Акт жасаймыз да, орнын жабамыз бірдеңе қылып. Ондай-ондай боп тұрады. Бастысы, маған адал болсаң болды. Ал зауыт өзен емес, теңіз де емес, алып мұхит. Жұмысты басташы – өзің көз жеткізесің. Бәрі де болады сенде. Мен тірі тұрғанда ешкімнен қорықпа, - деді аңқылдақ досы Теңбіл Барыс.

Солайша Сұр Жолбарыс ойламаған жерден білдей бір зауыттың қойма меңгерушісіне айналып шыға келді. Бастапқыда шынымен адал болғысы келді. Сосын директор бар ма, орынбасарлары бар ма, бәрінің түйені түгімен жұтып жатқанын, ал өзіне әншейін итке сүйек лақтырғандай болмашы тиын-тебен қалдырғанын көрді де, бірден Барыс досына келіп, бәрін жайып салды. Күні ертең барлығы менің мойныма артыла ма деп қорықты себебі:

- Санап көрдім. Көптеген материал жетіспейді, мәліметтер сәйкеспей тұр.

Теңбіл Барыс бірден шарт кетті:

– Әй қайыршы, аузыңды жап та, тыныш жүр. Жақ ашушы болма. Директор – мен, өзім бір нәрсесін қыламын. Сен – бағыныштысың. Директор тұрғанда – қойма меңгерушісі кім?!...- деп алды да, артынша артық кеткенін біліп, дереу даусын жұмсарта, – кешір, досым, ашумен шығып кетті, – деп ақталды.

Ал Сұл Жолбарысқа керегі де сол болатын. Қалтасына диктофонын сайлап барған. Теңбіл Барыстың айтқан сөздерін бірін де қалдырмай түгел таспаға басып алды.

Сол күннен бастап Сұр Жолбарыс тауарларды астыртын жоқ қылып отырды. Сата алғанын – сатты, сата алмай қалғандары үшін – көтерме клиенттерін сазға отырғызды, қала берді, таразыдан жеді. Ақырындап шыр біте бастады өзіне. Дүние біткен сайын, аяғының астына қарауға ерінетін болып алды. Енді оған Ақ Барыс ұнамай қалып, басқа сұлулармен көңіл көтере бастады. Баяғы ішегі қабырғасына жабысқан жалаңаяқ Сұр Жолбарыстың ізі де жоқ, бүгінде ол жердің асты-үсті «менікі» дегенге көшкен. Қала берді, ұры бар ма, қары бар ма, бәрі мұның ашса алақаны, жұмса жұдырығында болды. Сонымен оның өзіне қарасты маңайда алдамаған адамы қалмады. Өзі баяғыдан қу Түлкінің шәкірті, мына жұмысы оны одан сайын алдап-арбаудың кәнігі кәсіби маманы етіп шығарды. Алпыс айла, қырық қулықтың арқасында, әрине ақшасы да арық боп ақты.

Ұлы Бор маңайындағы атақты Тұзды көлдің жағасынан өзіне үлкен етіп үңгір салдырды. Алайда осының бәрін ол Теңбіл барысқа білдірмей, жасырын түрде жүзеге асырды. Әдейі сыр алдырмас үшін көлік сатып алған жоқ. Бар тапқанын ішіп-жеп құртқан адам секілді жиі-жиі сауық кештерінде көңіл көтеріп, сауналардан шықпады. Басқа ештеңені де ойлаған жоқ. Атана, бауыр дегенді мүлдем ұмытты.

Тасы өрге домалай берді, алайда ол бұлай мәңгі жалғаспайтынын білді. Ерте ме, кеш пе, ұрлығы ашылатыны аян еді. Ендеше, бұл жерден аман-есенінде тайып тұру керек. Теңбіл Барысқа мұнысын айтып көріп еді, қарсы болды. Сұр Жолбарыстың дегенінен қайтпайтынын білген соң, келісімін берді.

Бастапқыда біраз түк істемей, жүрді әншейін. Сосын ол ойдың қайдан келгені қайдам, кенет журналист болуды ұйғарды. Бойы мен сымдай тартылған сымбатына қызықты ма, олар да жұмысқа ала салды. Сауаты шала, алайда кеудесіне нан піскен әріптестері көп екен сөйтсе...

Мұнда оның жасырынатын ешкімі жоқ еді. Қымбат көлік мініп, қоқырайып шыға келді. Кәнігі әдетіне мына қызметі тіпті оң жамбасына келе қалмасы бар ма, кәсіпорын басшыларына барып, «кемшіліктеріңді жалпақ жұртқа жайып салам» деп қорқытып, пара алуға көшті.

Өзіне серік те табыла кетті. Бұл жолғы оның мүдделесі Қара Қоян еді. Бірақ, бұл серіктестік көпке бармады. Сұр Жолбарыстың араны қатты ашылып кеткен болатын. Түскен пайданың қомақты бөлігін өзі асап, қалғанымен бөлісетін. Қара Қоян да қырсық екен, оған көне қоймады. Солайша екеуі қош айтысты.

Жалғыздың үні шықпас және мұндай істе міндетті түрде жанына біреу керек еді. Анау-мынау емес, бұл жолы ол Пілге қолқа салып көрді. Себебі оның өмірден көргентүйгені мол екенін естіген, соның тасасын паналамақ болды. Алайда ондай жан оңайлықпен алдыра қойсын ба, Сұр Жолбарысқа жөніңді тап деген сыңай танытты. Бірақ бұл Арыстанның өзін көндірген Сұр Жолбарыс емес пе, өйтті-бүйтті Піл қалай келіскенін білмей қалды. Бірақ мұнымен абайлап, сақтықпен араласты. «Не істесең де, өз ісіңді жақсы көруің керек» деп айтумен болды, – Лапылдап жанып тұруың керек. Журналистикада да солай. Олай болмаса, онда ұзаққа бармайсың. Бүгінде біздің саламыз да көлденең аттыларға толып кетті, беделінің төмендеп кеткені де содан», – деді бар білген ақылын үйіп-төгіп.

Сұр Жолбарыс бұл саланы да меңгеріп алды, алайда оны місе тұтпады. Биікке шыға бергісі келді.

Сөйтіп жүріп бұл жерден де байырғы бір танысы – Қара Қабыланды ұшырастырды. Сөйлесе келе білді, ол – Көгілдір көлдің жағасында ұзыннан ұзақ созылып жатқан Анар аңғарының иесі екен. «Менің одан қай жерім кем?!.» – деген қызғаныш оты жылт ете түсті. Сөйтті де Сұр Жолбарыс салып ұрып Пілге келді. Бірден сыр алдырмай, әуелі оны-мұны сөз қылды біраз, сосын барып көкейдегісін ақтарып салды. Ол айтып жатыр, айтып жатыр, Ал дана Піл ұзын құлағын төмен салып, үндемей соңына дейін тыңдады. Сөйтті де басын шайқады.

- Қап-қара Қара Қабыланнан менің қай жерім кем, айтшы? Бойым одан ұзын болмаса, қысқа емес, аяқтарым да күштірек. Ендеше, неге маған Қаратопырақты орманның иесі болмасқа?.. Онда қалайда маған король отбасымен жақсы тұратын шенеунікті табуға көмектес. Қайтсем де, мен ол жерді басқарауым керек, – деді Сұр Жолбарыс екіленіп.

Манадан бері үнсіз тыңдаған Піл осы тұста тіл қатты:

- Сенің биілік тізгінін қолыңа алуыңа өз басым қарсы емеспін. Алайда, әркім өзінің қолынан келетін ісімен айналысқаны жөн. Басшы болу оңай нәрсе емес. Қаратопырақты орманның басшысы – Қос өркешті түйе. Ол тізгінді қолына алғалы орман жұмақтың бір бөлшегіне айналды деуге болады. Кіргеннен – бұлбұлдар сайрап қарсы алады. Ақбөкендер алаңсыз жайылып, қоян мен тиінге дейін қорықпай алаңсыз жүреді, Жасыл желегі де жайқалып тұр. Ал оның бәрі өздігінен бола салмайды. Басшының іскерлігінен ғой. Себебі тек ұрлап-жұрлап, қала берді ұнамағанын қирата салатын бастықтың орманы мұндай болмас еді. Ішінде қыл айналмайтын қызғаншақтар түбі өзін-өзі кеулеп бітіреді. Мен білетін Қос өркешті Түйеде сараңдық жоқ, ақылы да бір басына жетеді, басқаларға да қамқор. Ол өз қызметіне лайық. Бірақ, оған осылай тыныш отыруға қаншалықты мүмкіндік берер екен... Естуің бар шығар, Тауды бір кездері Кәрі Қыран билеген. Сонда ол жерде не болмады деші. Бүгінде ол жерді көрсең, жылағың келеді. Бір тал ағаш өспейді. Байғұс таулардың мұңы, таулардың дерті өз бойларымен бірдей. Енді сенің де бастық болғың келеді екен. Ендеше құр сөзден түк шықпайды, іспен дәлелдеу керек. Ал, сенің мақсатың басқа ғой? Сен бұл жерде халықты емес, тек өз атақ-даңқыңды ойлап тұрсың. Сені басқалардың қалай өмір сүретіні тіпті қызықтырмайды да. Өтірік, қызғаныш, бәсекелестік сенің санаңды билеп алғаны соншалық, басқа еш нәрсені көре алмайтын көрсоқырға айналғансың. Ендеше, айтар ақылым: кім болғың келсе де, бол, бірақ ешқашан ешкімді алдама, тым құрыса өз арыңа адал бол, ешкімнің ала жібін аттама!

Дана Піл бұл айтылған сөздердің Сұр Жолбарысқа әсер етпесін білді, бірақ мүлдем бір құлағынан кіріп, екіншісінен ағып кетпейтін шығар, титтей де болса ойланар деп үміттенді.

Қателескен екен, Сұр Жолбарыс дегенінен қайтпады. Ойға алғаны орындалғанша, тыным таппай, қолынан келгеннің бәрін істеді. Жағымпаздық бар ма, басқа бар ма, бәрін қолданды, ештеңеден тайынған жоқ, ақыры арманына жетіп тынды. Қаратопырақ орманының билігін уысына түсірді. Ормандағы қаралы күндер де дәл сол күннен басталды.

Себебі Сұр Жолбарыс аң-құсқа қамқор болуды, басқаруды ойлаған жоқ, салған беттен өзінің аш құрсағын толтыруға жанын сала кірісті. Орманның бар байлығын осы мақсатта сарп етті. Ал міндетін орындауға өресі де, білімі де жетпейтіні анық еді. Сондықтан жағдайды өз бетімен жіберді. Жауапсыздық, немқұрайлылық пен парықсыздықтың кесірінен орманның өзен-көлдері мен қырат-белдері тоналған үстіне тонала түсті.

Бұрын тіпті балтаның тарсылын естіп те көрмеген ну ормандар ендігіде көзсіз әрі сұраусыз кесілді. Ағашпен бірге бұлбұл бастаған құстардың сайраған даусы жоғалды. Ақбөкен, қоян, керік, аю секілді аңдар жеке-жеке жойылды. Қасқырлар үйірімен ойына не келсе соны істеді. Табан ақы, маңдай термен келген абаттандыру дейсіз бе, есіл еңбектің бәрі далаға кетті. Қысқасы, тұтас орман Сұр Жолбарыстың түбі жоқ тұңғиық аранына жұтылды да кетті.

Мұндай ашкөздік, мұндай қиянат, тағылыққа құр қарап отыруға шыдамаған байғұс Түйе жүрек талмасынан қайтыс болды. Алдағы болашағын ойлаған аң атаулы туған топырақтарын тастап безіп кетті. Бар сәні мен берекелі тіршілігінен айрылып, құлазыған орман тек қорқау қасқырлар мен жылмақай түлкілердің еркіне қалды. Ал, өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын Сұр Жолбарыс ақыры өзі отырған бұтақты кесіп тынды. Яғни, Қаратопырақты орманның жаназасын шығарды десе де болғандай...

Бірақ талай нәрсенің түбіне жетіп үйреніп қалған Сұр Жолбарыс түк болмағандай сауық-сайранын жалғастыра берді. Соңғы кездері ол қайтадан Ұлы Борды жиі жағалай бастаған. Бір күні қызмет көлігімен Бор өлкесінен үйіне қайтып келе жатты. Артқы орындықта Сұр Жолбарыс Жиреншашты Барыс бикешпен арнайы аймаласып отырған, ал рөлде Қабылан. Ол да аздап ұрттап алған, сондықтан ауық-ауық қалғып кетіп, қайта оянып келе жатыр еді. Кенет... не болып кеткені түсініксіз, қараңғыда ызғып келе жатқан көлік бұрыла бергенде жолдан ұшып кетіп, аунап-аунап барды дағы, алып шынарды сүзіп тоқтады. Құлақты жарар қатты дауыстан шошып оянған андар үдере жеткенше, тізгінде отырған Қабылан мен Жиреншашты Барыс бикеш жан тәсілім етіп үлгеріпті. Ал Сұр Жолбарыстың кеудесінде әлі жаны бар еді. Аю, шибөрі, барыстар қуанғаннан қалай қол шапалақтағандарын білмей қалды. Кішкентай көжектер мен лақтар үркіп, не болғанын түсіне алмай енелерінің етегіне орала берді.

Тыныштықты бірінші боп маймыл бұзды:

- Ойнақтай-ойнақтай, ойынның шегіне жетті, құлқыны құрдымға кетіріп тынды ал, не болды?!. – деді. Басқалар үндеген жоқ.

Сұр Жолбарыс он күн ес-түссіз жатты. Тізесінен төмен қарай сүйектерінің сынғаны сонша, орнына салу тіпті мүмкін болмады. Дәрігер-хирург Қаз бикеш оң аяқты тізеден кеспесе болмайтынын жеткізді. Араға біраз күн салып, енді алдыңғы жақтағы сол аяқ та іріңдеп, оны да кесуге тура келді. Сұр Жолбарыс екі аяғының кесілгенін әлі білмейтін де еді. Түп-тура он күннен соң оянған ол қабағын көтеруге әрең күш жинады. Жанжағына қарап, өзінің қайда, не істеп жатқанын түк түсіне алмады. Қозғалайын деп еді – қозғала алмады. Әл-дәрмені жетпеді. Басы бинтпен таңылғанын сезді, құлағын, көзін ұстап көрмекші болып еді, қолын жеткізе алмады. Түкке түсіне алар емес. «Бұл не болды өзі?» Бір аяғы төбеге қарай керіліп тұр, екіншісін қозғайын десе, қозғалмайды. Оң қолымен аяғын сипап көріп еді. Шоршып түсті, ол жерде түк жоқ. Сонда барып Сұр Жолбарыстың іші қылп ете түсті. Жүрегі тас төбесіне шығып, бір орында қатты да қалды. Ол аздай осы тұста тұла бойы тұтас сыздап қоя берді. Ауырды деген бер жағы, жаны тап қазір шығып кетердей, шыдатпай барады. Ауру бар, іштегі күйігі бар, Сұр

Жолбарыс бар даусымен бақырды, ақырды, өкірді, жылады, бірақ ешкім оған құлақ аспады. Себебі дәрігердің бұйрығы солай болатын.

Ашудан дірілдегені соншалық, безгек болғандай қалш-қалш етті. Аяғынан айрылу оңай деймісің?!. Денесінің жартысы жоқтығын қабылдай алмауы онсызда жарақаттан көрінбейтін тұла бойын одан сайын сыздатты. Бейне улы жыландардың ордасына тап келгендей сезінді өзін. Жаны қысылғаннан Сұр Жолбарыс қара терге түсті. Сәл сабасына түскенде барып не болғанын есіне түсіре бастады. Әрі бұлқынып, бері бұлқынып, ешкім көмекке келмеген соң, тік жатқан күйі төбеден бір нүкте тауып алды да, содан көз алмай жатты. Бір кезде қабағы ауырлай түсті де, қалың ұйқыға кетті.

Түс көрді.

…Ку медиен сахарада жүр екен. Күн төбеден шақшиғанда, тура күйдіріп бара жатқандай. Айналасы толған аңдар мен құстар. Жорғалаушылар да, қанаттылар да, бәрі-бәрі. Бәрінің көзінде бір үрей. Мұның дәл қасындағы биік қабырғаға бір топ көгершін жайғасыпты. Ал төменде қалған аңдар, бәрі бірге әлдекімді күтіп отыр екен. Міне, бағанадан бері бәрі күткен Көк кептер де келіпті. Жүзінің түнеріп кеткенін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Оның қандай ауыр хабар жеткізгелі тұрғаны түрінен-ақ көрініп тұр еді. Ақырғы рет ауыр күрсініп алған Көк кептер былай тіл қатты:

- Достар, бәріміз әлімсақтан бері күткен соңғы сәт те келіп жетті. Бүгін мен сіздерге көкірегім қарс айрыла Қиямет күні жайлы хабарлағалы тұрмын...

Бұл сөзден кейін аң-құс атаулының бәрі демдерін ішіне тартып, тына қалды.

- Кім пәни дүниеде тозаңның түйіріндей жақсылық жасады, кім қылдай қиянат жасады, соның есебін береді... Күнәсіз жаратылыс жоқ, періштеден басқа. Ал күнәнің салмағы таразыға тартылады. Онда кімнің күнәсі сауабын басып кетсе, Тозаққа кесіліп, қайнаған қара шайырда мәңгі қайнайды. Ал сауабы ауыр тартқандар Жәннаттың жап-жасыл бағында жұпар ауамен тыныстап, жандары рахатқа бөленеді.

О, құдырет, онсызда үрейден үркіп кеткен Аңқұс атаулының осы бір-ақ сәтте уайымнан жүндері тұтас әппақ құдай ағарып шыға келіпті.

Ал Көгілдір Кептер сөзін жалғай:

- Ал енді қане, барлығыңыз тізім бойынша бірбірлеп келіңіздер. Алдымен амал таразысы Төбеттен басталды. Оның сырын жиналғандардың бәрі білетін, білмегендер естіген.

Қарақұйрық кептер ол жайлы қысқаша:

- Төбетті өздеріңіз де білесіздер, ұзақ жылдар бойы түрлі қызметтерде отырды. Өкініштісі, өмірінде бірдебір қайырлы іс жасамапты. Адал әрі момын аңдарды аяу дегенді білмепті. Керісінше, көрер көзге қиянат жасап, қолынан келмейтіндерді көтермелеп, нағыз дарындыларды кемсітіпті. Қысқасы, жасамаған күнәсі жоқ. Міне, енді бүгін ақиқаттың күні туды, «кімге не істесең, алдыңнан сол шығады». Өмірінде өзгелерді отынсыз ыстыққа шыжғырған Төбеттің өзі бүгін Тозаққа кесіледі.

Осы сөзден соң екі періште екі жағынан келіп, қайнап жатқан қазандыққа сүйрей жөнелгенде, Төбет байғұс тыпырлай қашқысы келіп ұмтылыпты. Бірақ тырп еткізбепті.

Тап осылай қоластындағы жазсықсыз жандар көмек сұрағанда, қайда қалдың? Енді саған ешқандай кешірім жоқ, – деген даусы гүр ете қалыпты Қиямет Періштесінің.

Келесі Шаянға кезек келіпті. Оның да мінездемесі оқылыпты.

- Өмір бойы тек жазықсыз жандарды шағыпты. Кешірілмес күнәлары көп. Барар жері - тозақ. Қайнаған шайырда мәңгі жанасың.

Солайша кезек Сұр Жолбарысқа да жетіпті:

Қос балдаққа сүйеніп әрең алға шыққан бұл жайлы Көгілдір кептер ә дегенде:

- Білесің бе, сен жолбарыс емес, түлкі боп тууың керек екен. Қолың тиген жердің бәрін бүлдіріпсің. Өзіңнің өтірігің мен жалаңның кесірінен байғұс Арыстанды қандай күйге түсіргенің есіңде ме? Қала берді, ғұмырыңда ішімдіктен, сауық-сайраннан, алаяқтықтан көз ашпапсың. Тіпті данышпан Пілдің айтқан ақылдары да саған түк әсер етпепті.

Көк кептердің әр сөзі Сұр Жолбарыстың жағынан салып қалғандай екі беті дуылдап, иегі кемсеңдеп, тамағына ащы өксік тығыла берді.

- Сұр Жолбарыс жақсы әулеттен-ақ шықты. Әйтсе де Түлкі мектебіне барғаны оның тағдыр жолын басқа арнаға бұрып, тегіне нұқсан келтірді. Қулық, сұмдық, айлакерлік оның қанына сіңіп кеткені сонша, бүкіл ғұмырына көз жүгірткенде жасаған ізгі амалдарын табу қиын. Есесіне, алдау мен арбау, ту сырттан пышақ ұру секілді жаман әдеттерден көз сүрінеді. Өтірік көлгірсу, кеудемсоқтықтан алдына жан салмайды. Күші жетпеген жерге мекерлігін салып, көп нәрсеге қол жеткізіп отырды. Өмір бойы өзі білмеді, білгеннің тілін алмады. Соның кесірінен жайнаған жасыл орманды қураған қу медиенге айналдырды. Адал әрі шыншылдарға өлердай жау болды. Осындай күнәлары үшін енді оның барар жері – тозақ!

Көк кептердің әр сөзі жүрегінің қанжардай қадалса да, ол аяғына жеткенше бір үміт болған... Кешіріп қала ма деген. Алайда соңғы үкім оқылған кезде, Сұр Жолбарыстың тұла бойы мұздап сала берді. Тілі икемге келмей, маңдайынан суық тер бұрқ етті. Мұны да екі періште екі жағынан ұстап, қайнап жатқан шайырға қарай сүйрей жөнелді. Жоғары жақтан да бір түрлі күңгірлеген дауыстар жарыса:

- Секір, секір де сүңгі қазанға, күнәңді солай жу!

Дауыс шыққан төбеге қарай бергені сол, өзіне қарай төбеден құйғытып келе жатқан қорқынышты бір бейнені көрді. Қолында қылпылдап тұрған қылышы бар. Сұр Жолбарысқа ондай құбыжықтың қанжарына тап болғанша, қайнаған шайырға секіріп өлу әлдеқайда оңай көрінді:

- Менің еш кінәм жоқ! – деді де Сұр Жолбарыс бұрқ-сарқ қайнап жатқан қазанға гүмп етіп сүңгіп кетті.

…Осы сәт ол өз даусынан өзі шошып оянды. «Уһ!», - деді ол әлгінің түсі болғанына қуанғаннан. Алайда, оның жай түс емесін біліп әрі ондағы оқиғаның әсерінен айыға алмай біраз отырды. Денесі де дір-дір етеді. Төбе шашы тікірейіп, жалы күдірейіп кеткен Сұр Жолбарыстың тап мына түрі қатты аянышты еді... Бейне, аяғының астындағы күллі әлемнің күлі көкке ұшып, өзі соның қирандыларының астында қалғандай... Осы сәтте барып ол өзінің бар қателігін түсінді. Өкініш оты өзегін сұмдық өртеді... Бірақ бәрі кеш еді, тым кеш...

Аударған: **Мәриям ӘБСАТТАР.**

# Шайқас майданындағы тағзым ету

**Баяндаған Авраам Линкольн,**
**1863 жыл, 19 қараша.**


**Белгілі боксшы Қанат Исламның**
**ұсынысымен аударған**
**Ұланбатыр Бақытханұлы.**
**2020 жыл, желтоқсан.**
**АҚШ, Нью-Йорк.**



Осыдан 87 жыл бұрын, бабаларымыз осы құрлықта азаттықты ту еткен әрі барлық адам баласы тең жаралған дейтін ұстанымға негізделген жаңа бір мемлекет құрды.

Біз қазір сол елдің немесе дәл солай құрылған һәм сол бағытты ұстанған әрқандай елдің ұзаққа табан тіреуін сынға алар үлкен бір азамат соғысын бастан кешудеміз. Біз сол соғыстың алып шайқас майданында кездесіп отырмыз. Біз осы елдің болашағы үшін өз өмірін қиған боздақтарға сол майданның бір бөлігін ақтық мекен ретінде бағыштауға келіп тұрмыз. Біздің міндетті түрде осылай істеуіміз бүкілдей орынды да оңды болмақ.

Алайда, кеңірек толғанар болсақ, біздің бұл жерді арнауға жөніміз жоқ, қасиеттеуге жөніміз жоқ, қастерлеуге жөніміз жоқ. Осында арпалысып арамызда қалған және құрбан болған батырлар бұл жерді киелі топыраққа айналдырды, біздің бұған қосатын иә бұдан алатын шамалы күш-қуатымыздан анағұрлым үстем етті. Төрткіл дүние біздің мұнда не айтқанымызға болмашы назар аударар, көп өтпей естерінен де шығарар, бірақ олардың ізгі істерін мәңгі ұмытпақ емес. Осы жерде күрескен есіл ерлердің осы уақытқа дейін аса биік мәртебемен жеткізген аяқталмаған мұрат-мақсаттарына өзімізді арнау біз тірілер үшін керек. Біз өзімізді алдымызда тұрған ірі сынаққа салғанымыз абзал. Сол себепті соңғы деміне дейін сарқып қалдырған даңқты құрбандардан зор жігер алуымыз керек. Біз мұнда көз жұмған арыстардың жаны текке пида болмағаны тиісті екенін айқын кесетуіміз керек. Жане Құдайдың қамқорлығында, осы бір ел бостандықтың ақ таңын алаулатуы қажет. Һәм халықтың, халық тарапынан, халық үшін құрылған үкіметі жер бетінен жойылмауы керек.








**Редакция арқылы жазылу құны:**
**1 жылға - 7 990 теңге; 6 айға - 4 990 теңге**

## АРЗАН СӨЗДІҢ УАҚЫТЫ ӨТТІ, ЕНДІГІ СӨЗ - «САРАСӨЗДІКІ»

